

ISSN  
0206–3409

# ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ



1925 ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒЫП КЕЛЕДІ



Әлия Рымғазықызы МАСАЛИМОВА –  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің әлеуметтік даму жөніндегі  
проректоры, философия ғылымдарының  
докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық  
Ғылымдар Академиясының академигі

№4, 2022 сәуір

Журнал 1925 жылдан бастап шығады

# ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІ

№4 (1155),

2022

СӘУІР

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ  
ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РК

Журнал Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесі Президиумының өкімімен 1975 жылы  
“Құрмет белгісі” орденімен, 1985 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің  
Құрмет грамотасымен марапатталған

Бас редактор – Сания БЕКТЕНҒАЛИЕВА,  
*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚР білім беру ісінің үздігі,  
«Ы. Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, ҚР журналистер одағының мүшесі*

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

АЛАУХАНОВ Е.О. – з.ғ.д., профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
заңгер-жазушы

АНДРИЕНКО Е.В. – п.ғ.д., профессор, академик (Новосибирск)

АННАМУРАТОВА С.К. – п.ғ.д., профессор (Ташкент)

БАХИШЕВА С.М. – п.ғ.д., профессор (Батыс Қазақстан инновациялық университеті  
(Орал))

ЖАЙТАПОВА А.А. – п.ғ.д., профессор (Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТ уни-  
верситеті)

ЖОЛДАСБЕКОВА С.А. – п.ғ.д., профессор (М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қа-  
зақстан университеті)

ЖҰМАБЕКОВА Г.А. – п.ғ.д., профессор (Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТ уни-  
верситеті)

КУЛЬМАНОВА Ш.Б. – п.ғ.д., (Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті)

ҚҰСАЙЫНОВ А.Қ. – п.ғ.д., академик, Педагогикалық ғылымдар академиясының пре-  
зиденті

МЕЛЬНИК Г.С. – ф.ғ.д., профессор (Санкт-Петербурге)

НАҒЫМЖАНОВА Қ.М. – п.ғ.д., профессор (Астана университеті)

СӘРСЕКЕЕВА Ж.Е. – п.ғ.д., доцент, Н. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекет-  
тік университеті

ТАУБАЕВА Ш.Т. – п.ғ.д., профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

ТҰРҒЫНБАЕВА Б.А. – п.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚҰМПУ)

ҰЗАҚБАЕВА С.А. – п.ғ.д., профессор (Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТ уни-  
верситеті)

## МАЗМҰНЫ

### ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ: ЗЕРТТЕУЛЕР

- Роза Касымова, Назерке Қуанышева. Ә. Нұршайықов шығармалары арқылы жас ұрпақты патриотизмге тәрбиелеу**.....3
- Фатима Алиакбарова, Гүлсара Мендіғалиева, Айжан Қасқарбаева. Корпоративтік мәдениет білім беру ұйымының баға жетпес ресурсы** .....8

### БІЛІМ ЖҮЙЕСІ: ІЗДЕНІСТЕР, ИГІ ІСТЕР

- Ұлжалғас Есназарова. Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беретін мектептерде оқытылатын география пәні және ұлттық тәрбие** ..... 11
- Малика Төлеуова. Кәсіби шеберлік – жаңа форматтағы мұғалім ұстанымы** .....17
- Айгерим Қайранова. Повышение профессиональной компетентности учителя английского языка для повышения эффективности и качества обучения**.....21
- Айгуль Уадилова. Современные педагогические инновации как инструмент управления качеством образования**.....25
- Райхан Ануарбекова, Нургул Закарьянова, Майгул Сайлаубаева. Кәсіби бейімделуде жас маманның шеберлігі мен дағдысын қалыптастыру жолдары**.....27
- Фариза Узембаева. Жағдаяттық тапсырмалар белсенді оқыту әдісі ретінде** .....30
- Маржан Сейталиева. Веб-квест технологиясын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану мәселесіне**.....34

### МҰҒАЛІМ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

- Роза Молдахметова. Исследовательская деятельность учащихся при обучении физике** .....38
- Динара Шакаева, Клара Молдашева. Выстраивание траектории профильного обучения: опыт и практика** .....40
- А. Акторгаева, А. Кордабаева. Жаратылыстану пәндерінің зертханалық сабақтарындағы stem технологиясы**.....44
- Ақмарал Ниязбекова. Физика сабағында цифрлық ресурстарды қолданудың маңызы** .....46
- Гаухар Сейсекенова, Гульмира Конурбаева. Адамгершілік – алтын қағида** ....49

### ТҰЛҒА. МЕРЕЙТОЙ

- Шаркүл Таубаева. Ғалым ұстаз феномені**.....51
- Нұрсұлу Әлқожаева, Майра Кабакова. Ғалымның көшбасшылық келбеті**.....60

ӘОЖ 37.013

## Ә. НҰРШАЙЫҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚТЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Роза КАСЫМОВА

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия және саясаттану факультеті  
педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

Назерке ҚУАНЫШЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
философия және саясаттану факультеті  
«Әлеуметтік педагогика және өзін – өзі тану» мамандығының 4 курс студенті  
Алматы қаласы, Қазақстан

**К**азіргі кезде еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін сақтауда өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесін қалыптастыруға үлкен мән беріліп отырғандығын, Қазақстан Республикасы Конституциясында, «Білім туралы» Заңында, Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру, Қазақстан Республикасы мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамаларында, Қазақстан Республикасы әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие тұжырымдамасын ағымдағы басылым беттерінен көруге болады [1].

Патриотизм (грек тілінен аударғанда – отандас, патриот – атамекен) – Отанға деген махаббатпен, жеке мүддені ел мүддесіне бағындырумен мазмұндалатын өнегелі және саяси қағида, әлеуметтік сезім.

Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары Әбу-Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари зерттеген болатын.

Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларынан да байқауға болады. Ағартушы-ғалымдардың оқушыларға патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін, жанын қиюға болатынын іспен көрсететін қуаты күшті шағын өлеңдерінің оқушылар үшін маңызы зор. Бауыржан Момышұлы да бар үмітін жас ұрпаққа артты. Бауыржан ағамыздың соңында қалған мұрасының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне тигізетін әсері көп. Өйткені патриотизм қашанда, қандай қоғамда да өзінің әлеуметтік мәнін, маңызын жоғалтқан емес.

Отан деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Отансүйгіштік пен патриотизм бір-бірімен егіз ұғымдар. Сол егіз ұғымға, Әзілхан Нұршайықов шығармаларындағы көтерілетін басты тақырыпты қоссақ болады.

Әзілхан Нұршайқов өз заманының бір туар акыны, жазушысы, публицист, қоғам қайраткері, халықтың қалауымен ел батыры атанған адам. Шығармаларында көбіне, өскелең жас ұрпаққа тәлім-тәрбие, өз еліне деген ыстық махаббаты, әр азаматтың бойынан патриоттық сезімін оятуды мақсат тұтқан ақын, өмір деген аялдамада, толық арман мақсатын орындап кетті десек, артық айтпас едік.

Ұрпақ тәрбиесі қашаннан өз мәнін биік ұстайды. Сондықтан қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу-тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Толық жетіліп қалыптасқан ұлттың сана-қабілетінде, түсінік-талғамында, мінез-құлқында, өзіне тән ерекшелік менталитеті болатынын ғылым дәлелдеген. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан-жақты өнегелі тәрбие беру-қоғамымыздың алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі. Мектеп жеке тұлғаның рухани жан дүниесі мен адамгершілік қасиетінің қалыптасуына жүйелі жолға қойылған тәрбие беру негізінде қол жеткізеді. «Отан – от басынан басталады» дейді халық даналығы. Демек, бала тәрбиесі – Отан мен ел мүддесі. Бүгінгі өскелең ұрпаққа ғаламдастыру дәуірінде өз халқының төл мәдениеті, тілі мен салт-дәстүрін әр оқушының бойына сіңіре отырып, отансүйгіштікке баулу қазіргі тәрбие жүйесінің өзекті мәселесі. Егеменді еліміздің болашағы жас ұрпақты шындап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету – бүгінгі таңда ең басты мақсат болып табылады.

Әзілхан Нұршайықовтың шығармалары арқылы, бүгінгі мектеп оқушыларына өз еліне деген махаббат пен сүйіспеншілікті дарыту, ол уақыт еншісінде ғана. Туғанынан жүрегі тек қазақ деп соққан азаматтардың от жалынын кейінгі жас буынға дарыта білу, сонымен қоса заман талабына сәйкес қоғамға білім дарытып, білім мен ғылым орналасқан жүрекке имандылық пен отанына деген сүйіспеншілікті беру, ол түгелдей Әзілхан Нұршайықовтың мақсат жоспары десек артық айтпас едік.

Өз заманының тазысы болған, талай қазақ арыстарымен теңдес болып, олардан интервью алып, кітап, мақала жазған ұлы тұлға, ол әрине Әзілхан Нұршайықов. Қаламгер сомдаған Бауыржан, Мәлік тұлғалары асқақтықты танытса, Ербол, Меңтай образдары әдебімен оқырманын сүйсінтеді. М. Мәметова, Ы. Сүлейменов, Т. Тоқтаров, т.б. майдангерлер бейнесі қаһармандық мұраттарға жетелейді. Нұршайықов «Махаббат қызық мол жылдар» романы мен «Ескі дәптер», «Әсем», «Ботагөз» повестерінде адамгершіліктің әсемдікпен диалектикалық үйлесіміне баса назар аударған, кейіпкерлерінің рухани ізденістерін нанымды суреттеген. Қаһармандық рухтағы «Ақиқат пен аңыз» романы мен «Тоғыз толғау», «Махаббат жыры», «Ғажап адам», «Невель түбінде», «Великие Луки ұрыстары», т.б. әңгіме, повестері дерек пен дәйектің, тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасын ашуға бағытталған [2].

И. Буниннің шығармаларын М. Шолоховтың «Адам тағдыры», П.Павленконың «Жарияланбаған хат» әңгімелерін, А. Якобсонның пьесасын, т.б. туындыларды қазақ тіліне аударды. Біз жазушының «Ақиқат пен аңыз» романына [3] тоқталамыз. Ақиқат пен аңыз – Әзілхан Нұршайықовтың қаһар-

бли-  
дам.  
еген  
крат  
кетті

ман,  
рген.  
оқу-  
ы да  
і- қа-  
мен-  
іздің  
қоға-  
жеке  
уына  
т ба-  
і мен  
ның  
рып,  
менді  
лып-  
ы.

ушы-  
т ен-  
салы-  
әйкес  
ылық  
ықов-

лып,  
ілхан  
ықты  
нтеді.  
аһар-  
лдар»  
іктің  
ерінің  
кикат  
ім», «-  
ж пен  
ашуға

І.Пав-  
н, т.б.  
з» ро-  
аһар-

мандық рухтағы шығармаларының бірі. Бұл шығармада Ұлы Отан соғысының данқты қаһарманы, гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының азаматтық, ерлік тұлғасын мүсіндеген. Бауыржанның сонау балауса жастық шағынан бері, Совет Армиясының үздік мектебінде шындалу кезігіне, Ұлы Отан соғысының отты жылдарынан бастап күні бүгінге дейінгі ұлағатты өмір жолын шынайы фактілер аясында қызықты баяндайды. Романның жазылу формасы да ерекше: бүкіл оқиға автор мен кейіпкердің диалогі арқылы өтеді.

Оқырман қауым ардақтап, қадір тұтатын, көпшілікті өзіне үйіре алатын, көпке үлгі бола білетін жазушы қазақ халқы үшін қашан да биікте. Халыққа өлмес туындылар сыйлаған жазушының мол мұрасы халық жадында мәңгілік қалары сөзсіз. Жазушының шығармалары негізінен Отан соғысы және еңбек ардагерлерінің өмірін үлгі ету арқылы бүгінгі жас ұрпаққа патриоттық, еңбекшілдік, адалдық тәрбиесін беруді басты мақсат тұтады. Ә. Нұршайықов Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980 ж.), А.А. Фадеев атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлық – күміс медалінің (1987 ж.) иегері. 2-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» (1957 ж.), «Халықтар достығы» (1984ж), 3-дәрежелі «Даңқ» ордендерімен және «Ерен еңбегі үшін» (1995 ж.) медалімен марапатталған.

Әзілхан Нұршайықовтың тағылымдық ой-пікірлерінің мазмұнын шығармашылығы аясында қарастырып көрейік. Жазушы шығармашылығын қамтитын тақырыптар:

- еңбекті сүю, еңбек арқылы құрметтелу;
- ерлік пен батырлық, Отан қорғаудың принциптері;
- туған ел мен жер, Отанды сүю, құрметтеу;
- сұлулықты тану, оның сезімге әсер ету әлеуеті;
- адами асыл қасиеттің дәріптелуі, адамгершілік идеясы;
- ана тілі, туған тілді үйрену, ардақтау, құрметтеу;
- жаман әдеттерден аулақ болу, салауатты өмір салты;
- ұлттық мәдени мұра-құндылықтарды сақтау;
- жастарды өмірге бейімдеу, өмірді сүюге бағыттау;
- отбасылық тәрбие-ұрпаққа жынысына сай тәрбие беру т.б.

Шығармашылығына тәлім-тәрбиені басты идея етіп алған Әзілхан Нұршайықов тағылымдық мұрасының басты қағидалары:

- Ерлік пен батырлықты жас ұрпақтың елжандылық пен ұлжандылық сапаларын дамытуға үлгі ету;

- Жас ұрпақты өмірге дайындауда адамгершілік идеяларын басшылыққа алудың қажеттілігі;

- Ұлттық тарихи тұлғалардың өнегелі істерін сабақтастықта дәріптелуі;

- Адамды жан-жақты, үйлесімді дамытуға өнердің ықпалы және эстетикалық тәрбиені басшылыққа алу;

- Жастардың мінез-құлқы мен іс-әрекетіне үлкендердің үлгі болуы, қамқорлығы;

- Туысқандық қарым-қатнастардың ұлттық дәстүрге, мәдениетке кепіл болатындығын жеткізу;

- Ұлттық құндылықтарды ұлттық тәрбиенің негізі ету идеясын басшылыққа алу;

- Бұқаралық ақпарат құралдарының ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін арттыру;
- Достыққа адал, махаббатқа берік болу, жастарды, махаббатқа тәрбиелеу, т.б.

Жазушы шығармашылығындағы тәлім-тәрбиелік идеяларды басшылыққа алған аталмыш қағидаларын қарастыра отырып, жазушы педагогиканы шығармашылығына басты мақсат етпегенін білеміз, алайда, жазушылық бейнесі адами абзал қасиеттерден өрілген азамат, ойы мен сөзін өзінің адамгершілік кеңістігінде тоғыстырады.

Өмірді сүю арқылы адамзаттың бәрін жақсы көретін қаламгерлерге тән адами ізгі сапалар Әзілхан Нұршайықов дүниетанымына негіз болғандығын байқаймыз.

Өзінен бұрынғыларын құрметтеу, өзінің замандастарын сыйлау, кіші буынға ізет білдіру сияқты азаматтық ұстанымдары арқылы жалпы оқырмандарын жақсылыққа үндейді, ізгілікке шақырады.

Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық мұрасында тәрбиенің сан алуан бағыттары (еңбексүйгіштік, патриотизм, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, өзін-өзі тану, махаббат, т.б.) қамтылғанын білеміз. Мұның бәрі жеке тұлғаның адами болмысын, яғни тұлғалық қасиеттерін, рухани-адамгершілік бейнесін қалыптастырады, заман талабына сай жан-жақты кемелденуіне игі ықпал етеді.

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда патриотизмнің маңызын айқындау басты мәселелердің бірі екені даусыз.

Жазушы тағылымға толы өмірі мен шығармашылығында басты орын алатын Ұлы Отан соғысы жылдары. Бұл – жазушының өмірінің қалыптасу мен шыңдалу мектебі болған 2-тарихи кезең. Ел басына күн туған нәубет жылдар 1941 жылдан соғыстың ақырына дейін қатысқан Әзілхан Нұршайықов жауды жеңіп, жеңіспен оралған батыр ағаларымыздың бірі. Ол өзінің соғыстағы көрген ерлігі мен батырлықтарын жас ұрпаққа насихаттау үшін қаламына арқау етті [4].

Әзілханның өз ерліктері мен майдандағы шығармашылығы туралы: «Бір күні редакцияға қоңырлау, тұйық мінезді, тәпелтек жігіт келіп, өз тілегін айтуға рұқсат сұрады. Апыр-ау, бұл сол жігіт болғаны ма деп, редакция қызметкерлері алғашында сәл-пәл танданып қалды. Шынында да біздің жауынгер авторымыз комсомолец Әзілхан Нұршайықов екен. Әскери тілшінің редакциямен достығы осылай басталды. Сол кезден бастап Нұршайықов жолдас белсенді әскери тілші ретінде, газетімізге үзбестен атсалысып келеді. Ол кейіннен өлең жазуға кірісті. Бұл салада да ол өзінің дарынды екенін көрсетті. Оның өлеңдерін солдаттар сүйсініп оқитын, қадірлейтін болды. Оның өлеңдері Отанға, Қызыл Армияға деген жалынды сүйіспеншілікке толы. Нұршайықов өз творчествосында қазақтың ұлы ақыны Жамбылға еліктейді. Онымен хат алысып тұрады... Сержант Нұршайықов – зеңбірек командирі. Жауынгерлер оны қадірлеп жақсы көреді. Ол қатал мінезді, талабы күшті, бірақ, әділ. Оның расчеты – Сахонь жолдастың бөлімшесіндегі таңдаулы расчеттардың бірі. Сондықтан да ол өткен ұрыстарда ең жауапты

участо  
сеткен  
Жас қ  
Нұрша  
жалын  
нов» [

Ол  
Мәмет  
гімесі  
теп, ба  
батырл  
гілерге  
педаго

Әз  
тер –  
болуы  
төзімді  
ластық  
тың өн

Жа  
ге зама  
табиғат  
паттары  
пен ерл

«А  
халкым  
оқиғала  
тес. Бау  
лып, жа  
на, жау

«С  
өзімнің  
үшін е  
дегенді

Қа  
Әзілхан  
оқиғала

1. «Д  
Республи  
2013. – 6.
2. Н
3. Н
4. Н
- сы, 2005.
5. К

участоктерде болды. Неміс-фашист басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігі үшін Нұршайықов «Батырлығы үшін» медалімен наградталды. Жас коммунист, әскери тілші, ақын әрі зеңбірек командирі, сержант Әзілхан Нұршайықов Отанымыздың хас жауын жеңу ісіне өз басының өнегесімен, жалынды сөзімен бүкіл іс-қимылымен қызмет етуде. Аға лейтенант Д. Қосанов» [Автопортрет 164-165 бб.] – деген мақала әскери газетте жарияланған.

Ол соғыста Кеңес Одағының Батырлары Мәлік Ғабдуллинмен, Мәншүк Мәметовамен кездесті. Қазақ қызы Мәншүктің адами асыл қасиеттеріне әңгімесі мен әрекеттері арқылы тәнті болды. Соны шынайы қалпында суреттеп, батыр қыздың бейнесін биіктетті. Тағы да басқа көптеген қазақстандық батырлардың майдандағы ерлік істеріне куә болды, оларды жырлады, елдегілерге де, жауынгерлерге де үлгі етті. Ерлікті, батырлықты, отаншылдықты педагогикалық идеямен насихаттауға қаламын құрал ете білді [5].

Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығына негіз болған іс-әрекеттер – майдандағы ерлік пен батырлықтың, темірдей қатаң тәртіптің үлгі болуын дәріптесе, бейбіт күн адамдарына еңбек адамдарының қиындыққа төзімділігі мен шыдамдылығы, жан аямай еңбек етуі, сонымен қатар, сыйластық, достық, сүйіспеншілік сияқты адамдар арасындағы қарым-қатынастың өнегелі істері.

Жазушы Әзілхан Нұршайықов Бауыржан Момышұлымен заманы бірге замандас, қаламдастық қағидалары үйлесер жазушы әрі әскери талапты табиғатына серік еткен майдангер ретінде де жеке тұлғаның субъектілік сипаттарына лайық көрсеткіштерінің үйлескендігі арқылы да отансүйгіштік пен ерлікке деген көзқарастары тоғысып, тағылымды әдеби мұра жазылды.

«Ақиқат пен аңыз» Отан үшін от кешіп, ерлік даңқы аңызға айналған халқымыздың біртуар тұлғасы Бауыржан Момышұлының бастан өткерген оқиғаларын көркем, сырлы суреттеген, тағылымы мол, тәрбие құралы іспеттес. Бауыржан Момышұлы өзі көріп, куәсі болған жайттарды байыпты саралып, жүйелі сөз етеді. Деректі де дәйекті сөздері арқылы Ұлы Отан соғысына, жауынгерлердің ерлік істеріне, жеңістің маңызына баға береді.

«Совет халқының неміс фашистеріне қарсы Ұлы Отан соғысында мен өзімнің солдаттық, азаматтық борышымды адал атқардым. Мен награда үшін емес, елімнің тәуелсіздігі үшін, халқымның намысы үшін соғыстым» дегенді анық та, қадап та айтады.

Қазақ әдебиетіне сүбелі үлес қосқан жазушылардың бірі де бірегейі – Әзілхан Нұршайықовтың қай туындысын алып қарасаңыз да баяндалған оқиғалары жас ұрпаққа өз елін сүйуге, патриот болуға шақырады.

#### Әдебиет

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. // Ақиқат №1, 2013. – б. 5-27.
2. Нұршайықов Ә. Естеліктер ( 1 және 2 томдық), Алматы, «IST Company», 2011, 840 б.
3. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман. Алматы: Жазушы, 2009, 464 б.
4. Нұршайықов Ә. Тандамалы шыармаларының он томдығы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005.
5. Құттымұратұлы Қ. Қайсар қызы қазақтың // Жас Алаш.-2001.-1 наурыз.

## КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ БАҒА ЖЕТПЕС РЕСУРСЫ

Фатима АЛИАКБАРОВА

№148 мектеп-гимназияның директоры,

ҚР білім беру ісінің үздігі «Ы. Алтынсарин» төсбелгісінің иегері.

Гүлсара МЕНДІҒАЛИЕВА

педагогика ғылымдарының кандидаты,

ҚР ПҒА корреспондент мүшесі, БЖКБАРИ профессоры

Айжан ҚАСҚАРБАЕВА

№148 мектеп-гимназия директорының орынбасары

Алматы қаласы, Қазақстан

*Өзгені жеңсең мықтысың, өзіңді жеңсең құдіреттісің*

Лао Цзы

**Б**іздің түсінігіміз бойынша корпоративтік мәдениет дегеніміз педагогикалық үрдіс кезінде қалыптасқан білім беру ұйымының әр мүшесі мойындаған ұжымға ортақ қарым қатынас моделі. Менеджмент теориясына сүйенсек оның басты элементтері:

- Стратегиялық мақсат-ұжымның даму бағыты;
- Құндылықтар;
- Әдет ғұрыптар;
- Ұжымның әдеп кодексі;
- Корпоративтік стилі;
- Қарым қатынас;
- Белгілі бір мақсатқа жету бағытындағы сенім, командалық бірлесу;
- Ұжымның корпоративтік құндылықтарымен бөлісе білу.

Осы орайда, ұжымның мықты ішкі мәдениеті әдетте оның тиімді қызметтер атқарудағы ережелерін анықтайды. Атап айтқанда:

Имидждік. Мықты ішкі мәдениет, ұжымның оңды сыртқы келбетін қалыптастыруға көмектеседі;

Ынталандырушылық. Әр қызметкердің ұжым мақсатына сай өз атқаратын міндеттерін сапалы орындауға жетелейді;

Кірістірушілік. Ұжымның әр мүшесінің ұжым қызметтеріне белсенді араласуы;

Бейімдеушілік. Ұжымға келген жас мамандарға көмек көрсету;

Басқарушылық. Өзіне тапсырылған іс әрекеттерді орындауға талаптар қойып нормалар бекітіп ұйымдастыра білуі;

Жүйелілік. Атқарып отырған іс әрекетті ретті, жүйелі, тиімді орындауға негізделген.

Негізі менеджментте XX ғасырдың басында корпоративтік мәдениеттің түрлеріне әртүрлі көзқарас қалыптасқанмен, бүгінде олардың көбі өз өзектілігін жойған. Қазіргі қолданыста бар түрлері: «Рөлдік моделі», «Dream Team» моделі, «Отбасы» моделі, «Нарықтық» моделі, «Нәтижеге бағытталған моделі» т.с.с. Әрине, бір мақала аясында барлық модельдерге тоқталып оның ішкі мазмұнын ашу мүмкін емес. Сондықтан біз тек өз тәжірибемізде пайдаланып жүрген моделіміз туралы айтпақпыз.

Біз еңбек етіп жүрген Алматы қаласының № 148 мектеп гимназиясында «Рөлдік моделімен», «Нәтижеге бағытталған моделін» іске асырудамыз және айтарлықтай нәтижеміз болғасын тәжірибемізбен бөліскелі отырмыз. Айта кетер болсақ, ұжымда барлығы 165 педагог болса, соның ішінде: шебер – 7, зерттеуші – 48, сарапшы – 27, модератор – 27, жоғары – 31, бірінші – 14, екінші – 21.

Мемлекеттік марапаттары бар мұғалімдер: Ы. Алтынсарин төсбелгі иегері – 5, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері – 9, ҚР білім беру ісінің үздігі – 2, ҚР білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы – 10, ҚР білім және ғылым министрлігінің Алғыс хаты – 5, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі – 1, Республикалық деңгейде кәсіби конкурс лауреаттары – 2.

Бұл ұжымның әр мүшесінің тынымсыз корпоративті негізде бірлесіп тиімді нәтижеге бағытталған еңбегі десек артық емес. Енді моделдерге жете тоқтасақ, рөлдік моделге сәйкес корпоративтік мәдениетті басқаруды ұйымдастыруда ұжымның әр мүшесі өз міндеттерін мектепшілік талаптарға негіздейді. Сол себептен бұл моделдің ерекшелігі иерархиялық ережелердің болуы және әр іс әрекет ұжым мүшелерімен жұмыс кезінде қатаң сақталуы талап етілгендіктен кейбірде формализмге соқтықтырады. Оның негізгі құндылықтары: сенімділік, рационалды, тәжірибеге сүйенуді оның нақты орындалуы ауытқуға болмауды көздейді. Сондықтанда бұл моделге бейімдеп өзгерістер енгізу оңай емес. Осы жағдайды ескере отырып біздер екінші «Нәтижеге бағытталған» моделді біріктіріп оның құндылықтарын іс әрекетке енгізу қажеттігі туындағанын түсіндік. Себебі бұл модельдің негізгі мақсаты инновациялық технологияларды енгізе отырып ұйымды даму жолына жетелейді. Оның негізгі құндылықтары: нәтиже, корпоративтік рух, қойылған мақсатқа ұмтылыс және соның жолында шешім қабылдауда еркіндік пен дербес шығармашылықты қолдау. Бұл құндылықтар алдыңғы аталған моделдің талаптарымен қоса іске асса ғана әрбір ұжым мүшесіне жана серпіліске жол ашатындығын көрдік.

Осы тәжірибе тек мұғалімдерді ғана емес, сонымен қатар мектеп басшыларының да тұрақты кәсіби дамуының қажеттілігін көрсетті. Ол, біріншіден, өз ұжымында ең басында айтылған корпоративтік мәдениет ұстанымдар мен құндылықтарды қалыптастыру; екіншіден мектеп директорының кеңесінде орынбасарлармен, бірлестік, кафедра жетешілермен жаңаша корпоративтік мәдениет құндылықтары негізінде басқаруды іс әрекетке енгізу технологияларын үйренуге коучинг, тренингтер жүйелі өткізу; басшының жеке қасиеттері оның әлеуметтік дағдылары және адамдармен қарым қатынас құру ұжымға ортақ мектеп статусына сай ережелер бекіту.

Өкінішке орай, бүгінде мектеп басшылары тек жоғарыдан келген құжаттарды іске асырумен қана шектеледі. Ал, корпоративтік басқару ұстанымдарына сүйенсек білім беру ұйымдарын басқару үрдісі мүлдем басқа деңгейге шығатыны сөзсіз.

«Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу тұр. Бұл кезек күттірмейтін шаруа», – делінген Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында.

Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, білім беру жүйесі әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деп түсінуіміз қажет. Осындай өзекті өзгерістердің бірі 2017 жылдың желтоқсанында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануымен байланысты білім берудің сандық форматқа ауысуы деуге болады. Орта білім беру жүйесінде де білім беруді цифрландыру арқылы сапалы білім беру көрсеткіштеріне қол жеткізу сандық технологияларды, жасанды интеллектті, құралдарды виртуалды шындықты, сондай-ақ кең қол жетімділікті қамтамасыз ету және цифрлық білім беру ортасын құру, жекелей, даралай оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндіктерді жасау міндеттері айқындалды. Бұл орайда, цифрлық технологияларды пайдалану тиімді екенін тәжірибеміз көрсетуде. Қазіргі заманғы WAP- хаттама бойынша оқу ақпараттарына кіруді қолдау, SMS – хабарларды пайдаланудың өзара әрекеттесу мүмкіндігі, GSM\GPRS қосылулары үшін ыңғайлы Web-интерфейс. ҚОЖ-де жүзеге асыру мүмкіндіктері мобильдік оқыту технологиясының пайда болуына әкеліп, ситуативтік оқыту – проблемалық бағытталған оқыту – контекстік үздіксіз оқыту сұлбасы бойынша білім беруді дамытуға мүмкіндік беруде. Ал бұның өзі ең алдымен мектептерде жаңаша ғылымға негізделген менеджменттің болуын айқындайды.

#### Әдебиет

1. Иванов И.Н. Менеджмент корпорации: Учебник. - М., 2004г.
2. Қазақстан мектебі, №5, 2021.
3. Образовательная технология ИСУД/Н.Л.Галеева.-М.:5 за знания, 2017.-220с.

2-6 сентября 2015 года в г. Москве на ВДНХ проходила 28 Московская Международная книжная выставка-ярмарка – крупнейший в России книжный рум международного масштаба, который стал одним из центральных событий Года литературы в Российской Федерации. Участниками старейшего книжного форума страны стало более 400 российских и зарубежных издательств из 30 стран, которые традиционно представили лучшие образцы учебной, научной, справочно-энциклопедической, художественной, детской литературы. Книга Есназаровой У.А. «Физическая география Казахстана» была представлена в составе книжной выставочной экспозиции Академии Естествознания России. Всего выставку-ярмарку за пять дней посетило более 250 тысяч москвичей и гостей столицы. За 5 дней работы на различных площадках выставки прошло более 500 мероприятий, включая встречи с писателями, политиками и учеными. А также встречи, посвященные книгоизданию, распространению книжной продукции, вопросам авторского права, в том числе дискуссии касались и научно-учебной литературы.

Учитывая значимость издания в развитии науки и образования по решению Оргкомитета выставки книга Есназаровой У.А. «Физическая география Казахстана» получила «Золотую» медаль ВДНХ и Диплом участника и вошла в Каталог экспозиции РАЕ 28 Московской международной книжной выставки.



**К** және пр  
мытуға  
жағдай  
мүмкін  
өрісін б  
раттық-  
білім б  
принци  
тұлғаны  
жетілді  
әрі да  
санала  
софы П  
рымы н  
гіндегі  
қазіргі  
дылықт  
туында  
Себ  
ген «Ка  
разылы  
биесізді  
мәлімет  
меттік ж  
Бар  
қатыска  
ой күнд



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТЫЛАТЫН ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

**Ұлжалғас ЕСНАЗАРОВА**  
педагогика ғылымдарының докторы,  
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің профессоры,  
«Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері»,  
Ресейдің Жаратылыстану академиясының академигі,  
географиядан республикалық атаулы мектеп жетекшісі  
Алматы қаласы, Қазақстан

**Қ**азақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым және практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға жеке кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту, оқытудың жаңа технологияларын, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану, білім беруді ақпараттандыру» – делінген. Білім беру жүйесіндегі басты принципі ретінде «Білім заңында» жеке адамның білімділігін арттыру, жеке тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру, білім берудің дамытушы сипатын жетілдіру секілді маңызды мәселелерін айқындап, білім беру жүйесін одан әрі дамытуды көздейді. Қай ғасырда болсын тәрбие негізгі мәселе болып саналады. «Бала тәрбиесі – мемлекеттің маңызды міндеті», – деп грек философы Платон өзіндік тәрбие жүйесін құрған болатын. Платонның осы тұжырымы негізінде, сонымен қатар, ХХІ ғасырдағы дүниежүзілік білім кеңістігіндегі озық іс-тәжірибелерге сүйене отырып, Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру жүйесіндегі ұлттық тәрбие және жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытуға бағытталған үлгісін қайта талдаудың қажеттілігі туындап отыр.

Себебі елімізде 2022 жылдың бастапқы күндері қайғы мен қасірет әкелген «Қантар қасіреті» деп аталған оқиғалардың бейбіт митингілер мен наразылықтарын білдіруден бастау алып, соңынан тәртіпсіздіктер мен тәрбиесіздіктерге көшіп, тонау мен террористік шабуылдарға дейін ұласқан мәліметтерді бүгінгі күндері БАҚ желілерінде эфирде, сайтта және әлеуметтік желілерде көрсетіп, жазылып, жарияланып жатыр.

Бар саналы өмірімізді білім беру саласына арнаған маған осы бейбастыққа қатысқан жастарды оқытып білім беруде қандай кемшіліктер жібердік деген ой күнделікті өмірде қай-қайсымызды да толғандырып жүр.

Бірінші болып ойыма келетіні – әл-Фараби бабамыздың «Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы» деген даналық сөзі. Тәрбие мен білім беру – үнемі қатар жүргізіліп, оларды бір-бірінен бөліп-жаруға болмайтын бірізді жүйе. Осыған терең мән бермеген жағдайда қандай да бір олқылықтардың орын алатыны сөзсіз.

Жалпы білім беретін оқу орындарында: орта мектеп, гимназия, колледжде, жоғары оқу орындарында оқытылатын «География» оқу пәні – жастарға ұлтжандылық патриоттық және интернационалдық тәрбие беруді жүзеге асыруда үлкен мүмкіндіктері бар маңызды оқу пәндерінің бірі.

Соңғы жылдары патриоттық және интернационалдық тәрбие мәселесіне аз көңіл бөлінгені бәрімізге белгілі.

Білім саласына қазақ халқының ұлттық даму тарихына жат, сырттан, шетелдерден келген жаңалықтың бәрі бірдей жақсы бола бермейтініне тағы да көзіміз жетті.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының осы жылғы «Қаңтар қасіретіне» байланысты берген сұхбаты және Қазақстан халқына арнаған Жолауы бұқаралық ақпараттарды жарияланды. Елдің көкейінде жүрген көптеген өзекті сауалдарға жауап айтылған үлкен сұхбат болды деп жазып жатыр. Жолауда айтылған ойлары мен салмақты сөздері көңілді бір серпілтіп, көпшіліктің қолдауына ие болды деген пікірлер айтылуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырым-дамасын іске асыру – бәрімізге ортақ міндет» деді. Осыған байланысты білім саласында «География» оқу пәнінен сабақ беріп жүрген барлық педагогтар мен Географиядан Республикалық Атаулы мектеп мүшелері бірлесіп өткізген Республикалық ғылыми-әдістемелік семинарларда жүйелі тұрғыдан пәннің жаңартылған бағдарламасы мен оны оқытуда жіберілген көптеген кемшіліктерді қайта қарап, талқылап, алдағы уақыттағы дұрыс бағыттарын анықтауды қарастыруда.

2020 жылы 5 қараша күні онлайн режимінде «Жалпы білім беретін мектептерде география пәнін оқытудағы өзекті мәселелері» тақырыбында өткен Республикалық ғылыми-әдістемелік семинарда Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің география, туризм және су ресурстары кафедрасы мен «Географиядан Ұ.Ә. Есназарованың Республикалық атаулы мектебі» және Қазақстанның ЖОО географ-ғалымдары мен педагогтары бірлесіп-талқылағанда: «Географияны» оқыту барысында қордаланып қалған мәселелер көп екеніне көзіміз әбден жеткіздік. Соған орай, бірлесе ақылдасып шешу үшін екінші рет 2020 ж. 10 желтоқсан күні «Жаңартылған білім бағдарламасы жағдайында «Қазақстан географиясы» пәнін оқыту мәселесі» тақырыбы бойынша республикалық ғылыми-әдістемелік семинарына 100-ден аса ғалымдар, ЖОО оқытушылары мен география пәні мұғалімдері қатысып, ашық пікірталас болды. Осы семинарда көтерілген мәселелер «Егемен Қазақстан» газетінің 2020 жылғы 21 желтоқсан күнгі №242 санында «Байтақ елдің географиясы неге толық оқытылмайды?» деген мақалада басылып шықты. Оған көптеген ұстаздар өз пікірлерін жазып, ой бөлісті. Ү. Алтынсарин атындағы Білім академиясынан білім саласында 2025 жылға дейінгі білімді жүйелі

тұрғыда қайта құрудың негізгі бағыттары бойынша басымдықтар мен міндеттерді, сондай-ақ ұлттық модель негізіндегі халықаралық стандартқа сай географиялық білім беру туралы және оны іске асыру бойынша нақты шаралар белгіленгенін айтты. Осындай игілікті іске географиядан Ұ.Ә. Есназарованың Республикалық атаулы мектебінің мүшелері 2021 ж. 27 наурыз күні онлайн режимінде «Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім беретін мектептерде географиялық білім берудің ұлттық моделінің Тұжырымдамасы» жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды.

Бұрын Алматы қаласында өткен эксперттік талқылауда біздің айтқан сын пікірімізді, соның ішінде «География» пәні өте ертеден дүниежүзінің барлық мемлекеттерінде міндетті түрде оқытылып келе жатқан оқу пәні екені және ғасырлар бойы географияны оқытудың қалыптасқан жүйесі бар екені анықталған. Ол – 6-сыныптағы «Физикалық география» немесе «Географияның бастапқы курсы» деп аталатын. Бұл курста оқушылар адамзат өмір сүріп жатқан Жер ғаламшары және оның географиялық қабықтары (литосфера, атмосфера, гидросфера, биосфера, әлеуметтіксфера) туралы білім аулары керек.

Ал 7-сыныпта «Мұхиттар мен материктер географиясы» оқытылып келді. «Материктер мен мұхиттар географиясы» курсынан оқушылар Дүниежүзілік мұхит оның бөліктері мен жеке материктердің әрқайсысына өзіне тән табиғат ерекшеліктері, халқы мен елдері, оларды зерттеген саяхатшылар мен зерттеушілері туралы толық мәлімет берілетін. Педагогикадағы «жеңілден қиынға» дидактикалық ұстанымына сәйкес, материктерді оқыту Жер ғаламшарының моделі ретінде қарастырылатын Африкадан басталып, одан кейін Аустралия, Антарктида, Оңтүстік Америка, Солтүстік Америка және Еуразия оқытылып келді. Оқушылар Жер ғаламшарындағы мұхиттар мен материктер туралы оқып білім алып, картамен ойша шет елдерге саяхат жасап, оқитын өте қызық, ғылыми негізде жүйеленген курстар оқытылатын еді. Материктердегі аймақтар мен елдерге қатысты материалдарды оқытып болғаннан соң, 8 сыныптарда Қазақстан Республикасының географиясына қатысты материалдар қарастырылатын. Ал «Жанартылған» деген атпен белгілі болып ұсынылған бағдарламада география ғылымдарында қалыптасқан география пәнін оқытудың ғылыми жүйесі біржолата бұзылғаны туралы Алматыда өткен сараптамада айтылған, эксперттік комиссия мүшелері тәжірибелі ұстаздар мен ғалымдар болғандықтан, осы жіберілген қателіктерді көрсетіп, келешекте түзетіледі деген үмітте өз ұсыныстарын айтып, мысалдармен анықтап берген еді. Жаңа мазмұнды бағдарламада жіберілген қателіктер қарастырылмағаны үлкен кемшілік және саяси қателік екені туралы айтылған болатын. Жалпы «жаңарту» деген бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі білім беру жүйесінің тамырына балта шабу емес, қайта жақсы жағын алып оны ары қарай дамыту деп түсінілуі керек еді.

Дүниежүзіндегі барлық егемен мемлекеттер өздерінің тәуелсіз мемлекет екенін білдіру үшін өз мемлекеттерінің географиясын жеке пән ретінде оқытады. Бұрынғы КСРО-ның құрамынан бөлініп шығып егемен мемлекет болған республикалардың барлығы (Ресей, Беларусь, Украина, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б.) өз елдерінің географиясын жеке пән ретінде екі оқу жылында оқытып келеді. Алыстағы шет елдерден мы-

сал келтірсек, Қазақстан Республикасының бір ғана әкімшілік ауданының жер аумағындай ғана болатын Израиль мемлекеті өз елінің географиясын екі бөліп, бір жыл бойы «Израильдің физикалық географиясы» (табиғатын), сонан соң екінші жылы «Израильдің экономикалық және әлеуметтік географиясын» оқытады.

Кеңес дәуірінің белгілі географ-ғаламы, кезінде Қазақстанда еңбек еткен Н.Н. Баранский: «Өзіңнің Отаныңды сүю үшін оны жақсы білу керек» деп атап көрсеткен болатын.

Қазірге дейін мектептерде 8-9 сыныптарда Қазақстанның географиясы (физикалық және экономикалық география) курстарын оқыту мәселесі әлі өз шешімін таппай отыр. Бұл пән мектеп оқушыларына идеялық-саяси тәрбие беруде үлкен мүмкіндіктер ашады. Саяси білімнің, еліміздің болашағына деген сенімнің, оқушылардың жалпы дүниетанымның негіздері алдымен оқу-тәрбие үрдісінде, сыныпта берілетін сабақта қаланады. Сондықтан бүгінгі таңда сабақтың тәрбиелік бағытын арттыру, оқу үрдісінде ұлттық тәрбие жұмысын жандандыру, яғни, оқушылардың елдің жарқын болашағына деген сенімін қалыптастыру үшін Қазақстанның географиясы пәні қарастыратын барлық мүмкіндіктерді толық және тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.

Қазақстан географиясын оқыту барысында оқушыларға туған елі жер аумағы жағынан дүниежүзінде тоғызыншы орынды ала отырып, қазба байлыққа бай, дүниежүзілік аренада ең қуатты техникасы мен өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің бірі ретінде қалыптасуға реформалар жасайды деген сенімін қалыптастыру керек. Қазақстанның табиғи байлықтары туралы нақты материалдар бұл үшін үлкен мүмкіндіктер береді. Еліміздің жер аумағының үлкендігі, мемлекеттік шекаралардың ұзындығы, үлкен жазықтар мен ең биік тау жүйелері, ірі өзен-көлдері жаңа реформаларды іске асыру үшін материалдық-техникалық базасын құруға қажетті барлық табиғи қорлардың (ресурстардың) айтарлықтай көлемде болуы, халықтың экономикалық қуатты оның қолындағы әлеует – мұның барлығы оқушыларды Отанымыздың қуаттылығы мен беріктігіне, оның саяси және экономикалық тәуелсіздігіне сендірілуі керек.

Негізінен, Қазақстанның физикалық географиясын оқу барысында оқушылар Отанымыздың табиғаты, оның ерекше алуан түрлілігі, таңғажайып сұлулығы мен байлығы туралы нақты түсініктер алуы тиіс.

Табиғи жағдайының ерекше әртүрлілігін және Қазақстанның орасан зор байлығын сегізінші сыныптың география курсына оқытылатын кез келген аудандарының мысалында көрсетуге болады, өйткені әр аймақ өзінің табиғи қазба байлығымен, сұлулығымен ерекшеленеді және шаруашылыққа қажетті маңызды табиғи ресурстарға ие.

Екінші жағынан, біздің егемен еліміздегі әлеуметтік-экономикалық дамудың орасан зор қарқынмен жүруіне толық мүмкіндік бар. Отанымыздың географиясының кескіні күннен-күнге өзгеруде. Сондықтан, оқулықтар қаншалықты жақсы, түрлі-түсті, егжей-тегжейлі болса да, барлығын қамти алмайды, өмір өзгерісте болады. Мұғалімнің міндеті – оқулықтардың мазмұнын жарқын, түрлі-түсті мысалдармен «жаңғыртып», ел экономикасындағы жетістіктерімізді көрсету, оқушылардың санасына ғана емес, сезіміне де әсер ету үшін заманауи материалды пайдалану қажет.

Патриотизм мұғалім және мектептегі тәрбиелік жұмыста өзіндік ролін атқарып отыр. Мектептегі патриотизмді қалыптастыру үшін мұғалімнің өзіндік ролі өте маңызды.

1. Біздің еліміздің тарихы мен мәдениеті өте бай және әрбір азаматтың білуі керек.

2. Оқушылардың патриотизмді қалыптастыруына тәрбиелік жұмыстың маңызы өте зор.

Қазақстан патриотизмі оқыту барысында мектептегі патриотизмді қалыптастыру үшін оның орны мен маңызы өте зор.

Сонымен бірге патриотизмді қалыптастыру үшін оқушылардың патриотизмді қалыптастыруына тәрбиелік жұмыстың маңызы өте зор.

1. Оқушылардың патриотизмді білуі мен қалыптастыруына тәрбиелік жұмыстың маңызы өте зор.

2. Оқушылардың патриотизмді қалыптастыруына тәрбиелік жұмыстың маңызы өте зор.

3. Оқушылардың патриотизмді қалыптастыруына тәрбиелік жұмыстың маңызы өте зор.

Президентіміз Н. Назарбаевтің «Қазақстанды даму жолына қою туралы» жасаған бастауы өте маңызды.

Елімізде ұлттық патриотизмді қалыптастыру үшін мектептегі патриотизмді қалыптастыру үшін оның орны мен маңызы өте зор.

Мектептегі патриотизмді қалыптастыру үшін оқушылардың патриотизмді қалыптастыруына тәрбиелік жұмыстың маңызы өте зор.

Қазақстан патриотизмі оқыту барысында мектептегі патриотизмді қалыптастыру үшін оның орны мен маңызы өте зор.

2020-2021 оқу жылындағы Қазақстан патриотизмі оқыту барысында мектептегі патриотизмді қалыптастыру үшін оның орны мен маңызы өте зор.

Ұ.Ә. Есназаровтың «Қазақстан патриотизмі оқыту барысында мектептегі патриотизмді қалыптастыру үшін оның орны мен маңызы өте зор» деген еңбегі өте маңызды.

Қ. Жүсіпұлының «Қазақстан патриотизмі оқыту барысында мектептегі патриотизмді қалыптастыру үшін оның орны мен маңызы өте зор» деген еңбегі өте маңызды.

Қазақстан патриотизмі оқыту барысында мектептегі патриотизмді қалыптастыру үшін оның орны мен маңызы өте зор.

Патриоттық және интернационалдық тәрбиені жүзеге асыру үшін әрбір мұғалім жас ұрпаққа жан-жақты ұлттық тәрбие берудің жалпы мақсаттарын және мектеп географиясы курсының тәрбиелік мүмкіндіктерін талдау негізінде мынадай міндеттерді шешуі керек:

1. Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасының табиғатының өте әсем, әрі алуан түрлілігін, оның әркелкі сұлулығы мен Менделеев кестесіне кірген барлық қазба байлықтарға аса бай мекені екенін оқытып-үйрету;

2. Осындай табиғи қазба байлықтың еліміздің экономикалық әлеуетінің артуына тікелей әсері бар екенін түсіндіре отырып, қоршаған орта мен табиғатты қорғау жолындағы экологиялық негізіндегі ұлттық тәрбие беріп, ұлтжанды көзқарасты қалыптастыру, тәрбиелеу.

Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясын зерттеп оқыту барысында оның дамуының табиғи алғы шарттарын, табиғат жағдайлары мен ресурстарының экономикалық құрылымы мен мамандануына, оның орны мен рөліне әсерін талдау маңызды орын алады. Ел экономикасының жалпы жүйесі оқушылардың санасында қалыптасуы керек.

Сонымен, мектепте жұмыс істейтін әрбір мұғалімнің алдына ұлттық идеялық-саяси тәрбиенің үш негізгі міндеті тұр:

1. Оқушыларды туған Отанымыз туралы қажетті көлемдегі саяси-әлеуметтік біліммен, дүниетанымдық идеялармен, түсінік және ұғымдармен қаруландыру.

2. Оқушылар бойында азаматтық сезімдерді, өз елінің, Қазақстан халқының өмірі мен атқарылып жатқан игілікті істеріне қатысуға, қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық интернационализм сезімін тәрбиелеу.

3. Оқушыларды «Жаңа Қазақстан» қоғамының белсенді пайдалы еңбек әрекетіне баулу.

Президентіміз өз сұхбатында сонан соң Жолдамасында жақын арада елімізде үлкен саяси реформалар болатынын мәлімдеді. Жалпы орта білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарында белсенді, халықтың талап-тілегі ескерілген жаңа реформалар болатынын да айтты. Осыған байланысты алыс елді мекендерде тұратын халыққа өздерінің жеке бастарына байланысты шаруаларды шешу үшін, мысалға Нарынқол, Кеген аудандарының тұрғындары Талдықорғанға барып шешуден гөрі, енді бұрынғы Қапшағайға, енді Қонаев қаласына барып шешкен жеңіл, әрі тиімді болады деп географиялық фактор дегеніміздің не екенін анық түсіндіріп берді. Біз білім беру саласының қызметкерлері де Жаңа Қазақстан қоғамына өз үлестерін қосатын жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуге атсалысуымыз қажет. Жаңа Қазақстанды құруға бағыт алған осындай реформалар аясында, білім саласында болатын өзгерістерге қарай, мектептердегі география пәнін де жүйелі түрде оқытылса деген пікіріміз ескерілсе екен дейміз.

2020-21 оқу жылында ашылғанына 30 жыл толған «Географиядан Ұ.Ә. Есназарованың Республикалық атаулы мектебі», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, География және табиғатты пайдалану факультетінің ғалымдары, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғалымдары мен республиканың барлық өңірлерінде еңбек етіп жүрген география пәні мұғалімдері мен атаулы мектеп мүшелері екі рет республи-

калық ғылыми-әдістемелік семинар өткізді. Ақылдаса отырып, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектебтерінде география пәнін оқытудың «Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім беретін мектептерде географиялық білім және Тәрбие берудің ұлттық моделінің Тұжырымдамасы жобасы» жасап, Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясына ұсынылды. Бұл тұжырымдама жобасы Географиядан Республикалық атаулы мектеп «Хабаршысы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының 2021 жылғы №2 нөміріне жарияланды [5].

Дүниежүзі елдерінде «География» оқу пәндерінен білім берудің қалыптасқан дәстүрлі жүйесіне сүйене отырып, Қазақстан Республикасының мектептерінің II және III сатысында оқытылуға ұсынылатын география оқу пәндерінің тізімі (Жоба) төмендегілерді қамтиды.

«География» курсының құрылымы.

Оқытудың I сатысында (1-4 сыныптар) географиялық мазмұндағы қарапайым танымдық білімдер «Табиғаттану немесе Жаратылыстану» немесе «Дүниетану» пәндерінің құрамында қарастырылады.

Оқытудың II сатысында 5-9 сыныптарда оқытылатын оқу пәндерінде географиялық білім жүйелі түрде теориялық тұрғыдан негізделуі қажет. Олар төмендегідей оқу курстарында ұсынылады: Ал 5-сыныпта оқытылатын «Жаратылыстану» пәнінің мазмұны, адамзат пен табиғат және қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың бір-бірімен біртұтастығы туралы білім, ұғым, қарапайым түсініктерді қалыптастыру (қарастыру) кіреді.

Жаратылыстану оқу пәні (5-сынып, 68 сағат);

Жалпы физикалық немесе бастапқы география курсы (6-сынып, 68 сағат);

Мұхиттар мен материктер географиясы оқу пәні (7-сынып, 68 сағат).

Қазақстан Республикасының географиясы (8-9 сынып, 136 сағат).

Қазақстанның физикалық географиясы (8-сынып);

Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы (9-сынып).

Пән мазмұнында біртұтастыққа, географиялық қабықтың даму кезеңдеріне геожүйенің өзара байланысы мен өзара әрекетіне және осы жүйенің әртүрлі даму кезеңдеріндегі Қазақстан халқының динамикасы, шаруашылығының дамуы, саяси және экономикалық жағдайларға байланысты өзгерістерге ұшырауы, егемен мемлекет болып қалыптасуына байланысты меншік, нарықтық, әкімшілік-аумақтық өзгерістерге сай геосаясаттық геэкономикалық, геодемографиялық өзгерістерге назар аударылады. Қазақстан Республикасы географиялық кеністіктің жаңа субъектісі ретінде қарастырылатын болады.

Оқытудың III сатысында (10-11 сыныптар) оқытудың кең көлемді нұсқасы ұсынылады. Оқыту бейініне қарай міндетті және таңдау бойынша курстар енгізіледі.

Міндетті курстар:

Дүниежүзінің экономикалық-әлеуметтік және саяси географиясы (11-сынып, қоғамдық-гуманитарлық бағыт, 102 сағат; жаратылыстану-математика бағыты 136 сағат);

Дүниежүзінің саяси географиясы немесе Елтану курсы (12-сынып, қоғамдық-гуманитарлық бағыт 102 сағат, жаратылыстану-математика бағыты 136 сағат).

Тандау курстары:

Геоэкология;

Саяси география және геосаясат негіздері;

Өлкетану және туризм;

Қазақстанның киелі жерлердің географиясы;

Түркі тілдес елдер (мемлекеттер) географиясы оқу пәндерін ұсынады.

Оқушылардың білімге деген жаңа көзқарасын және Отанының даңқы мен құдіреті үшін еңбек ететін сананы қалыптастыратын пәннің бірі – «Қазақстан географиясы». Бұл пән жас ұрпақ санасында терең патриоттық сезімді қалыптастыруға ықпал етеді, соның нәтижесінде халық арасынан ел мақтанышы болатын азаматтар өсіп-жетіледі.

## КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК – ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ МҰҒАЛІМ ҰСТАНЫМЫ

Малика ТӨЛЕУОВА

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

«Жанаконыс жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Аққайтым ауылы, Қазақстан

**XXI** ғасыр ақпараттық қоғам оның ішінде технологиялық мәдениет екендігін ескерсек, онда адамзат дамуының жаңа кезеңінде білім жүйесін жетілдіріп, оқытудың жаңа жолдарын іздестіру қажет екендігі түсінікті. Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту технологияларын тиімді пайдалану арқылы үздіксіз өзгерістерге бейімделе алатын жеке тұлға қалыптастыру басты міндет болып отыр. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Осы орайда мемлекетіміз ұстаздар қауымы алдына жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшінің сүбелі тұсынан орын алып, жол бастауға қабілетті, әрі ұлттық рухта сусындаған білімді, дарынды азаматтар тәрбиелеп шығару міндетін қойып отыр.

Білім беру мазмұнының жаңару жағдайында мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту, біліктілігін арттыру арқылы жоғарғы сапа мен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізе отырып, кәсіби дамуын қамтамасыз ету мәселелері біліктілік арттыру саласындағы басым бағыт болып отырғаны сөзсіз. Қазіргі заман мұғалімі – рухани дамыған әрі әлеуметтік тұрғыдан есейген, педагогикалық құралдардың барлық түрлерін шебер меңгерген білікті маман, өзін-өзі әрдайым жетілдіруге ұмтылатын шығармашыл тұлға. Ұстаздың кәсіби шеберлігінің негізі, біріншіден, мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық наным. Екіншіден, пәнді жетік білуі, ойын оқушыларға жеткізу үшін жан жақты, терең дайындықпен баруы, оқушылар бойына әдеп, әдет, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіруі, моральдық нормаларды білуі. Үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеудің әдіс тәсілдерін меңгеруі. Төртіншіден, мұғалім педагогтік-психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер

пайдалана білетін болуы керек. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.

Мұғалімнің кәсіби білігін шындаудың үздіксіздігі оның шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі және өзіндік жеке педагогтік тәжірибесінің дамуының алғы шарты болып табылады. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады», – дейді К. Д. Ушинский. Адам баласы қандай мамандық иесі болмасын, қандай да бір жерде жұмыс атқармасын өзінің кәсібінің майталманы болуы керек. Ол үшін ізденіс керек, өзін-өзі жан жақты адам ретінде, тұлға ретінде дамытуға деген талпыныс керек. Мұғалімнің кәсіптік дайындығы оның педагогикалық жоғары оқу орнын бітіруімен аяқталмайды, ол мұғалімнің кәсіптік қызметінің бүкіл кезеңін қамтиды. Сонымен бірге мұғалімнің кәсіптік білімін үздіксіз көтеріп отыруы, оның шығармашылық қабілетін дамытуы дербес педагогикалық тәжірибесін үнемі дамытудың шарты болып табылады. Егер мұғалім қоғамдық ортада белсенді позиция ұстанып, оның дербес тәжірибесі әлеуметтік және педагогикалық тәжірибемен кірігіп, педагогикалық ұжымның қолдауына ие болып, кәсіптік шығармашылық ізденісі көтермеленіп отырса, мұғалімнің кәсіптік шеберлігі мен педагогикалық мәдениеті артады.

Мектептегі білім сапасы мұғалімнің кәсібилігі мен мұғалімдер қызметінің сапасына тікелей байланысты. Мұғалім жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деген: «Мұғалім қандай болса, мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогикадан, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Демек, мектептен балалардың көбірек білім алып шығуы, немесе білім сапасын көтеру арқылы нәтижелілікті арттырудың басты тетігі – кәсіби ұстаз, ұстаздың білім мазмұнының жаңаруы жағдайындағы педагогикалық, психологиялық, дидактикалық, әдістемелік жаңалықтарды өз тәжірибесіне батыл ендіруі. Педагогтің теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, педагогикалық – психологиялық дайындығы мен шығармашылық қызметке бейімділік деңгейі заманауи талаптарға сай өзгеріп отыруы қажет.

Қазіргі заманғы мұғалім үшін ешқашан да қол жеткен межеде қалып қоймай, қайткенде де алға қарай ұмтылу өте маңызды. Сондықтан, қазіргі қоғам болашағының данасын өсіру үшін мұғалімнің өзі де дәстүрлі сабақ беру әдістерін өзгертіп, жаңа формацияның мұғалімі болуға жан-жақты бетбұрыс жасауы керек. Білім беру қазіргі ұстаздан үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Біліктілік – іс-әрекеттер жиынтығы десек, мұғалім жылдар бойы жинақтаған білімін теориялық практикамен ұштастыра білуі – оның шеберлігінің бір қыры.

Мұғалім еңбегі сағатпен өлшеуге келмейтін, ақыл-ойға ауыр жүк артуды міндеттейтін іс-қимылдардан тұратындығымен ерекшеленеді. Қай заманда да мұғалімге күрделі міндеттер жүктелген. Яғни өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман мұғалімге сегіз қырлы, бір сырлы ерен қасиет

нәсі болу.  
ұстаздың  
тұруы ләз  
десек, шә  
кәсіби ше  
селт еткіз  
лігінің ай  
өз көкіре  
өз мәртеб

Ж. А

ол – жана  
ру форма  
шыларды  
оқытуды  
бакта оқу  
қасиеттер  
бак – күр  
лармен п  
іске асыр  
тарды кә

Кәсіби  
тәжірибес  
іс-әрекеті  
талдаудан  
нәтижелі  
сезім өзі  
білім бер  
адым бол

Бүгін  
тәрбие бе  
биелеу ке  
колынан  
болып, о  
қасиеттер  
мұғалімі  
сы бар әр  
мұғалім  
сол білім  
ерекше  
тын іске  
арттыру  
дамыту

Мұға  
шілік, ой  
дагогика  
гияны ж  
тәрбиеле

иесі болуды міндеттейді. Дамудың әлемдік деңгейімен иыктасу үшін ұстаздың барлық қырлары түгелдей дерлік алмас қылыштай жарқырап тұруы ләзім. Мұғалімнің өз пәнін терең меңгеруі оның алғашқы қыры десек, шәкірттерге ғылым негіздерін үйрету барысында келесі қырын – кәсіби шеберлігін ұштай түсуге тура келеді. Алдындағы балалар сезімін селт еткізіп қана қоймай, оларды баурап ала білу, сөз жоқ, ұстаз шеберлігінің айғағы. Мұғалім білім шуағымен бала санасын нұрландыра білсе, өз көкірегі де нұрланбақ. Сапалы біліммен бала санасын өсіргенде ғана өз мәртебесі биіктемек.

Ж. Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – деген екен. Сабакты ұйымдастыру формасы – оқу процесінің міндетін іске асырудағы оқытушы мен оқушылардың іс-әрекеттерінің сыртқы көрінісі. Ұйымдастыру формасында оқытудың мақсаты, мазмұны мен әдістері бірынғай жүзеге асады. Сабакта оқушыларға білім берумен қатар, олардың рухани-адамгершілік қасиеттері мен ақыл-ой қабілеттерін дамыту мақсаттары көзделеді. Сабак – күрделі психологиялық және дидактикалық процесс, онда оқушылармен педагогикалық қарым-қатынас жасау және тәрбиелеу міндеттері іске асырылады. Сабак үстінде мұғалімге қойылатын әдістемелік талаптарды кәсіби мамандар үнемі ескеруі қажет.

Кәсіби іс-әрекетінде нақты жетістіктерге жете білген педагогтердің тәжірибесіне сүйенсек, кәсіби өзін-өзі жетілдіруді өзінің педагогикалық іс-әрекетіндегі жетістіктер мен кемшіліктердің себеп-салдарларын терең талдаудан бастау қажет екендігіне көзіміз жетеді. Өз әрекетінің үрдісі мен нәтижелерін талдай отырып, оқытушы рефлексия жасайды. Кәсіби сана-сезім өзін-өзі тану негізінде қалыптасады. Осының нәтижесінде педагог білім беру үрдісінің заңдылықтарын түсініп, педагогикалық шеберлікке бір адым болса да жақындай түседі.

Бүгінгі ұстаз шәкірттеріне әр пәннен берілетін ғылым негіздерінен білім, тәрбие беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік ақпарат кеңістігіне шығуға тәрбиелеу керек. Ол тек өз мамандығын сүйген, өз ісіне табанды ұстаздардың қолынан ғана келеді. Әрине, ұстаздың бұл үшін өз кәсібінің майталманы болып, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын, жоғары адами қасиеттерін салу керектігі айтпаса да түсінікті. ХХІ ғасырдағы жаңа заман мұғаліміне қойылатын талаптарға тоқталатын болсақ: мұғалім жеке көзқарасы бар әрі соны қорғай білетін жігерлі тұлға және кәсіби маман болуы қажет; мұғалім педагогикалық-психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана алуы керек; оқушылардың ерекше қабілеттерін тану арқылы дарындылықты дамытудың нақты бағытын іске асыруы қажет; оқушының жеке пәндерге деген қызығушылығын арттыру арқылы шығармашылыққа баулу және тұлғалық тұрғыдан өзін-өзі дамыту мүмкіндіктеріне жол ашуы керек.

Мұғалім жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар маман, ұлттық құндылықтарды яғни этнопедагогика, этнопсихология негіздерін меңгеру қажет, ақпараттық технологияны жетік меңгерген, әлемдік білімге сай, мәдениеті жоғары жеке тұлға тәрбиелей алатын ұстаз болу қажет. Бұл – өмір талабы.

«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім мектептің жүрегі», – деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, қазіргі мектеп алдындағы міндеттерді шешуде мұғалімнің кәсіптік мәдениеті басты шарт екені аян. Педагогикалық әдеп – мұғалімнің кәсіптік сапасы және ең етене кәсіптік белгісі. Қай мамандық болсын оның бір айрықша белгісі болады. Ол белгілі адамның үйреншікті әдетінен, сөйлеген сөзінен, тіпті киім киісінен де байқалады. Мұғалім кәсібінің ерекшелігі, ең алдымен, оның педагогтік әдебінде жатады. Әнші үшін үн немесе музыкант үшін музыканы ұғыну қандай қажет болса, мұғалім үшін педагогтік әдеп сондай қажет. Оқушыларды этикалық мораль рухында тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін мұғалімнің, ең алдымен, этикалық мораль ұстанымдары мен нормаларын өзі толық меңгеріп, оларды моральдық тәрбие беру ісінде ұштастыра білуі шарт. Мұғалім мәдениеті мен шеберлігін, интеллектуалдылығын төмендегіше анықтауға болады:

#### I. Мұғалімнің өзін-өзі басқару шеберлігі:

- Артық қобалжу, артық өзіне күш түсуден аулақ болу;
- Сөйлер алдында пайда болатын сенімсіздікті жеңе білу;
- Жұмыста өзінді іске шоғырландыру;
- Стрестік жағдайларда өзінді-өзін ұстай білу;
- Әрдайым жақсы көңіл-күй ауанын жасауды үйрену;

#### II. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті:

- Қарым-қатынаста сабырлы, мәнерлі, мейірімді тонның сақталуы;
- Әңгімелесушіні тыңдау білу;
- Басқа адаммен бірінші болып қатынасқа түсуді үйрену;
- Кез келген жағдаяттық қарым-қатынаста өзінді бақылай білу;
- Көрермендермен (тыңдаушылармен) қарым-қатынасқа түсуге үйрену;
- Аудиторияға қарап жұмыс істеу;
- Тыңдаушылардың реакциясын бақылау және ұғыну;
- Өз сөзіңмен әңгімеге келесі адамды елітіп әкету;
- Еркін, таза және қағазға қарамай сөйлеуге үйрену;

#### III. Сөйлеу мәдениеті:

Сөз екпінін сақтау, сөздің грамматикалық дұрыстығына көңіл бөлу;

Сөз лексикологиясы (сөз байлығы);

Сөздің мәнерлілігі, бейнелілігі;

Сөйлеу техникасы (дикция, сөйлеудегі дауыстың маңызы, екпін қоя білу, дауыс ырғағы, үзіліс);

Ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады, мұғалім өсіп, дамып келе жатқан ұрпақпен жұмыс істейді. Сол жас бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай ізденісте болу үшін заман талабына лайық жаңа білім, жаңа тәрбие керек. Мұғалім сөзімен, ісімен, мәдениетімен, білікті білімімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, балалармен тіл табысудағы қасиетімен асқақ, өз кәсібін қадірлеген ұстаз ғана педагогтік мәртебесін биік ұстай алады. Қазіргі қоғамға қажетті де осындай ұстаздар.

#### Әдебиет

1. Ж.Б. Қоянбаев «Педагогика» Алматы, 2002
2. Ж.А. Жүсіпова «Педагогикалық шеберлік» Алматы, 2011
3. «Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі» «Білім әлемі» 2004 №6
4. И.Д. Богаева «Педагогикалық қызметтегі кәсіби шеберлік», 2009

## ПОВИ КОМ ЯЗЫ И КА

Айгерим  
магистр  
КГУ «Г

Учите.  
учиться, в

**О**дной усло

В условия

проблема с

Одной

ся повыше

лено преж

образовани

теля. Прак

одновремен

новления с

Учите.

ствующим

ловием по

новых цел

ние профе

Только

времени и

литель Ко

вать новое

Важне

РК являет

зования с

щения лич

направлен

новых вы

ности, отл

вейших зн

Модер

современн

повышени

вания пед

жизни, тр

## ПОВЫШЕНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧИТЕЛЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ И КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ

Айгерим КАЙРАНОВА  
магистр педагогических наук, учитель английского языка  
КГУ «гимназия №21»  
город Алматы, Казахстан

*Учитель живёт до тех пор, пока учится, как только он перестает учиться, в нём умирает учитель.*

К.Д. Ушинский

**О**дной из главных задач системы образования, которая живет сегодня в условиях модернизации, является повышение качества образования. В условиях совершенствования образования перед любой школой встает проблема обеспечения своих обучающихся качественным образованием.

Одной из актуальных тем развития образования в Казахстане становится повышение профессиональной компетентности педагога. Это обусловлено прежде всего тем, что в условиях обновления содержания среднего образования возрастают требования к профессиональной подготовке учителя. Практика показывает, что обновление образовательной программы без одновременного улучшения методики обучения снижает эффективность обновления образовательных стандартов [1,6].

Учитель как субъект педагогического процесса выступает главным действующим лицом любых преобразований. В связи с этим необходимым условием повышения качества образования становится освоение педагогами новых целевых ориентиров процесса образования, развитие и формирование профессиональной компетентности педагога.

Только постоянно развиваясь, он может соответствовать требованиям времени и профессии, а в чем-то даже опережать их. Древнекитайский мыслитель Конфуций говорил: «Тот, кто, обращаясь к старому, способен открывать новое, способен быть учителем».

Важнейшим направлением развития современной системы образования РК является реформирование системы образования. Модернизация образования сегодня рассматривается как наиболее эффективный путь приобщения личности к изменению общественных отношений. Стратегическое направление экономического и социального развития нашей страны требует новых высококвалифицированных субъектов профессиональной деятельности, отличающихся, прежде всего тем, что они являются носителями новейших знаний и технологий.

Модернизация образования – процесс необратимый и очень важный для современного этапа развития системы образования. Она требует от педагога повышения его профессионального уровня, формирования и совершенствования педагогической культуры, соответствующей запросам современной жизни, требует обновления и придания гуманитарно-личностной направлен-

ности профессиональной компетентности современного педагога. Профессиональная компетентность лежит в основе повышения квалификации педагогов и дополняется методической, социальной и личной компетентностью. Повышение квалификации педагогов – это постоянный процесс обновления профессиональных знаний, умений и навыков, который должен стать частью целостной и долгосрочной программы развития образовательной системы.

В современном мире вопросы повышения профессиональной квалификации специалиста, в том числе и учителя английского языка, являются одними из важнейших в области системы образования любого социально-экономического строя. В настоящее время в нашей стране возросла потребность в таком учителе, который способен модернизировать содержание своей деятельности посредством критического, творческого ее осмысления и применения достижений науки и передового педагогического опыта. Поэтому необходимо создать все условия для повышения профессионального мастерства педагога через изменение функций методического сопровождения деятельности учителя.

Следует отметить, что вырабатываются разные подходы к решению проблемы постоянного обучения учителей, созданию условий для их самостоятельной работы и получения курсовой, консультационной помощи не только по вопросам предметного совершенствования, но и получению современных знаний в области педагогики, психологии, информационных технологий, вопросах общекультурной подготовки. Но необходимо использовать и такую форму организации профессиональной переподготовки учителя в школе, которая, с одной стороны, стимулировала бы его развитие, и, с другой стороны, отвечала бы интересам большинства учителей.

Ведущую роль в выполнении требований государственного образовательного стандарта и повышении квалификации педагогических кадров должны играть новые формы проведения педагогических советов, семинаров по актуальным проблемам образования, обновление учебно-методических комплексов, подготовка и освоение дидактических материалов, пособий, рекомендаций, активные методы проведения занятий, улучшение системы контроля знаний.

Различные курсы повышения квалификации, конференции, семинары, профессиональные конкурсы, несомненно, способствуют развитию учителя как личности и профессионала. Но ни теория, ни методы обучения сами по себе не могут обеспечить успех учебно-воспитательного процесса. Личность учителя, его подготовка и мастерство решают успех дела. Сегодня учитель, реализуя определенную технологию, может и должен подниматься до уровня осмысления ее оснований, в определенных случаях изменять ее, создавать новую, но, поднимаясь на эти высокие уровни самостоятельной деятельности, он должен владеть в полном объеме всем богатством достижений, накопленных в психолого-педагогической теории и практике. Все способы повышения квалификации можно считать эффективными только тогда, когда они нацеливают учителя на творческое переосмысление содержания, которое реализуется через различные формы методической деятельности и может стать хорошей основой для работы педагога. В этом случае вышеперечисленные формы работы приобретают для учителя личностный

смысл, позволяют ему самостоятельно формулировать цели собственного профессионального роста, образуют структуру, создающую условия для зарождения и развития способностей к творчеству. Только собственный, а не передовой педагогический опыт открывает дорогу к успеху и удовлетворенности своей работой. Поэтому большое влияние на формирование учительского профессионализма должна оказывать самообразовательная и методическая деятельность, предполагающая:

- постоянное ознакомление с современными исследованиями в области преподавания английского языка;
- изучение прогрессивного опыта коллег по проблемам использования различных форм организации уроков и внеурочных занятий;
- ознакомление с новыми программами, технологиями и концепциями обучения и воспитания [2].

Очень важно научиться пользоваться всеми новыми технологиями. Это задача номер один не только для учащихся, но и для учителей – вся переподготовка учителей должна быть ориентирована на использование современных технологий, в том числе и информационных.

Модернизация системы образования открывает новые горизонты и возможности, но в то же время предъявляет повышенные требования к профессиональной компетенции учителя. Задача обучения и воспитания учащегося, всесторонне развитого и подготовленного к жизни и взаимодействию в современном информационном обществе, может быть решена только учителем, владеющим современными педагогическими и информационными технологиями. Мир новейших информационных технологий занимает все большее место в нашей жизни. Компьютерные технологии становятся неотъемлемой частью современной культуры, в том числе и в сфере образования. Именно благодаря компьютерным технологиям существенно повышается интерес обучающихся к предмету, активизируется мыслительная деятельность.

Уже сейчас становится очевидным тот факт, что одной из важнейшей составляющей профессиональной компетентности учителя английского языка является степень его готовности к использованию современных информационно-коммуникационных технологий в своей профессионально-педагогической деятельности.

Активное применение современных информационных, социальных, коммуникативных и других видов технологий в системе повышения квалификации может достичь положительных результатов. В системе методической поддержки педагогических кадров в области современных технологий реализуются разнообразные формы и методы формирования и развития информационно-коммуникационной компетенции учителей.

Создаются сетевые педагогические сообщества, основная идея которых состоит в создании условий для системного внедрения и активного использования информационно-коммуникационных технологий в работе учреждений общего и профессионального образования при переходе на новую ступень использования технологии в учебном процессе, предполагающей активное использование современных цифровых учебных ресурсов.

Таким образом, для формирования и развития информационно-коммуникативной компетентности учителей английского языка в настоящее время

существуют широкие возможности. Однако успешность процесса информатизации образования зависит от многих факторов, в том числе от обеспечения информационно-коммуникационными технологиями всех учебных заведений, от совершенствования информационно-образовательной среды, от системной целенаправленной подготовки педагогических кадров в области информационно-коммуникативных технологий и современных педагогических технологий с целью формирования информационно-коммуникационной и профессиональной компетенций.

С повышением уровня информационно-коммуникационной компетентности изменяются мотивационные стимулы: учителя стремятся к профессиональному росту и личностной самореализации, включаются в поиск новых путей совершенствования процесса обучения. Но для этого необходимо создать все необходимые условия. Сегодня каждый педагог сам определяет наиболее важные аспекты совершенствования своего мастерства.

Выбор есть и довольно большой: это прохождение курсов повышения квалификации и самообразование, участие в работе сетевых педагогических сообществ и школьных методических объединений. Дополняет этот список активное участие в работе городских проблемных семинаров. Все формы повышения педагогической квалификации преследуют благую цель – содействовать учителю в повышении компетентности в области учебного предмета и методики его преподавания. Таким образом, профессионально компетентным можно назвать учителя, который на достаточно высоком уровне осуществляет педагогическую деятельность, педагогическое общение, достигает стабильно высоких результатов в обучении и воспитании обучающихся.

Таким образом, воспитать человека с современным мышлением, способного успешно самореализоваться в жизни, могут только педагоги, обладающие высоким профессионализмом. При этом в понятие «профессионализм» входят не только профессиональная, коммуникативная, информационная и правовая составляющие компетентности работников образования, но и личностный потенциал педагога, система его профессиональных ценностей, его убеждения, установки, в целостности, дающие качественные образовательные результаты.

В современных условиях требования к профессиональной компетентности учителя предъявляет не только новый образовательный стандарт, но и ВРЕМЯ, в котором мы живем. И перед каждым учителем поставлена сложная, но разрешимая задача – «оказаться во времени». Еще Киплинг писал: «Образование – величайшее из земных благ, если оно наивысшего качества. В противном случае оно совершенно бесполезно».

Качество образования «задает» качество жизни человека и общества. И наша с вами задача – искать пути повышения качества образования, ведь качество образования это – итог нашей работы.

#### Литература

1. Руководство для учителя: Учебно-метод. пособие /АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» - Астана, 2016.
2. Руководство по критериальному оцениванию для учителей школы: Учебно-метод. пособие /АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» /Под ред. О.И.Можяевой, А.С.Шилибековой, Д.Б.Зиеденовой. - Астана, 2016.

## СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ КАК ИНСТРУМЕНТ УПРАВЛЕНИЯ КАЧЕСТВОМ ОБРАЗОВАНИЯ

Айгуль УАДИЛОВА

заместитель директора по учебной работе  
филиала некоммерческого акционерного общества  
«Республиканская физико-математическая школа»  
город Алматы, Казахстан

**П**овышение качества образования является одной из основных задач модернизации казахстанского образования. Важнейшим критерием педагогического мастерства в современной педагогике считается результативность работы учителя, проявляющаяся в стопроцентной успеваемости школьников и таком же их интересе к предмету. То есть педагог — это мастер, который умеет учить всех детей без исключения. Профессионализм педагога наиболее ярко проявляется в хороших результатах тех учеников, которых принято считать не желающими, не умеющими, не способными учиться.

В основе управления качеством образования лежит переход от методики преподавания к внедрению в учебный процесс педагогических инноваций. Инновации в образовании — это процесс совершенствования педагогических технологий, совокупность методов, приёмов и средств обучения, один из существенных компонентов образовательной деятельности любого учебного заведения [1].

Педагогические инновации — это нововведения в области педагогики, целенаправленное прогрессивное изменение, вносящее в образовательную среду стабильные элементы, улучшающие характеристики, как отдельных ее компонентов, так и самой образовательной системы в целом.

Рассматривая систему основных понятий педагогической инноватики, Р.Н. Юсуфбекова выделяет три блока в структуре инновационных процессов в современной школе [2].

Первый блок — блок создания нового в педагогике. Здесь рассматриваются такие категории, как новое в педагогике, классификация педагогических новшеств, условия создания нового, критерии новизны, мера готовности нового к его освоению и использованию, традиции и новаторство, этапы создания нового в педагогике, творцы нового.

Второй блок — блок восприятия, освоения и оценки нового: педагогическое сообщество, оценка и разновидности процессов освоения нового, консерваторы и новаторы в педагогике, инновационная среда, готовность педагогического сообщества к восприятию и оценке нового.

Третий блок — блок использования и применения нового. В данном блоке изучаются закономерности и разновидности внедрения, использования и применения нового.

Инновации, направленные на обеспечение качества образования, должны быть связаны с внесением изменений:

– в цели, содержание, методы и технологии, формы организации и систему управления;

- в стили педагогической деятельности и организацию учебно-познавательного процесса;
- в систему контроля и оценки уровня образования;
- в систему финансирования;
- в учебно-методическое обеспечение;
- в систему воспитательной работы;
- в учебный план и учебные программы;
- в деятельность педагога и обучающегося [3].

В связи с этим все инновации в сфере образования можно классифицировать следующим образом:

1. Внутрипредметные инновации: инновации, реализуемые внутри предмета, что обусловлено спецификой его преподавания.
2. Общеметодические инновации: внедрение в педагогическую практику нетрадиционных педагогических технологий, универсальных по своей природе, так как их использование возможно в любой предметной области.
3. Административные инновации: решения, принимаемые руководителями различных уровней, которые способствуют эффективному функционированию всех субъектов образовательной деятельности.
4. деологические инновации: первооснова всех остальных инноваций, вызваны обновлением сознания, веяниями времени [3].

Педагогическими инновациями могут быть педагогические идеи, процессы, средства, методы, формы, технологии, содержательные программы и т. п.

Педагогические инновации можно классифицировать следующим образом:

- 1) по видам деятельности:
  - педагогические, обеспечивающие педагогический процесс;
  - управленческие, обеспечивающие инновационное управление образовательными учреждениями;
- 2) по срокам действия:
  - кратковременные;
  - долговременные;
- 3) по характеру изменений:
  - радикальные, основанные на принципиально новых идеях и подходах;
  - комбинированные, основанные на новом сочетании известных элементов;
  - модифицированные, основанные на совершенствовании и дополнении существующих образцов и форм;
- 4) по масштабам изменений:
  - локальные, то есть независимые друг от друга изменения отдельных участков или компонентов;
  - модульные – взаимосвязанные группы нескольких локальных инноваций;
  - системные – полная реконструкция системы как целого [4].

Инновационная образовательная технология повышает производительность труда педагога. Контроль результативности обучения каждого учащегося и система обратной связи позволяют обучать учащихся в соответствии с их индивидуальными возможностями и складом характера. Например, если один учащийся усваивает материал с первого раза, то другой, сидя за компьютером, может прорабатывать материал два-три раза и более.

Перекла  
вобождает в  
лить вопрос  
Для инн  
му использо  
роль субъек  
онных техн  
учения от у  
сылки для р  
школьного

1. Кайнов
- рения. - М., 200
2. Короче
- ления образова
3. Майор
4. Селев
- ное образовани

## КӘСІ ШЕБІ ЖОЛ

Райхан А  
Нургул З  
Майгул С  
«Дарын  
мектеп-л  
пән мұға

**Ж** үрек  
кіріс  
балаға деген  
нысты екен  
ұстаздардан  
Биылғы  
бастады. Ә  
киындық т  
көрсетуде.  
делуіне бағ  
фикатталға  
Коучинг ба  
идеялармен  
екінші мұғ  
теренірек д

Перекладывание основной функции обучения на средства обучения освобождает время учителя, в результате чего он больше внимания может уделить вопросам индивидуального и личностного развития учащихся.

Для инновационной технологии цель определяется очень точно, поэтому использование объективных методов контроля даёт возможность снизить роль субъективного фактора при проведении контроля, создание инновационных технологий обучения позволяет снизить зависимость результата обучения от уровня квалификации педагога. Технологизация создаёт предпосылки для решения проблемы преемственности образовательных программ школьного и профессионального образования.

#### Литература:

1. Кайнова Э.Б. Критерии качества образования: основные характеристики и способы измерения. - М., 2005.
2. Короченцев В.В. и др. Мониторинг качества обучения как важнейший инструмент управления образованием. Инновации в образовании, 2005, №5.
3. Майоров А.Н. Мониторинг в образовании. - СПб., 1998.
4. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учебное пособие. - М.: Народное образование, 1998. - 256 с

## КӘСІБИ БЕЙІМДЕЛУДЕ ЖАС МАМАННЫҢ ШЕБЕРЛІГІ МЕН ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Райхан АНУАРБЕКОВА

Нургул ЗАКАРЬЯНОВА

Майгул САЙЛАУБАЕВА

«Дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған  
мектеп-лицей-интернаты» КММ  
пән мұғалімдері

Өскемен қаласы, Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан

**Ж**үрек қалауымен мұғалімдік мамандықты таңдап, қызметке жаңа кіріскен жас маманнан өнегелі ұстаз шығуы, ең алдымен, педагогтың балаға деген мейіріміне, ізденімпаздығына, еңбекқорлығына тікелей байланысты екені сөзсіз. Дегенмен де, ұжымда кәсіби қолдау көрсету, тәжірибелі ұстаздардан кеңес алу жас маман үшін қажетті көмек.

Биылғы оқу жылында ұжымымызда бірнеше жас маман қызметтерін бастады. Әрқайсысына үйретуші - тәлімгерлері тағайындалды, кез келген қиындық тудырған мәселелерін шешуде ұжым мүшелері көмектерін көрсетуде. Сондай шаралардың бірі – жас педагогтардың кәсіби бейімделуіне бағыт-бағдар беру мақсатында екінші және үшінші деңгейлі сертификатталған пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өткізілген коучинг. Коучинг барысында қолданыстағы оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру, идеялармен алмасу, коуч тарапынан рефлексивтік диалогқа тарту негізінде екінші мұғалім өз жұмысының жекелеген салаларын жетілдіру, оларды тереңірек дамытып, анағұрлым жоғары сапалық деңгейге көтеру және іске

асыру жөнінде шешім қабылдау мақсатында кәсіби білімін, игерген дағдылары мен тәжірибесін жетілдіреді [1, 80-бет]. Ұйымдастырушылар тарапынан коучинг барысы тығыз жоспарланып, күтілетін нәтиже белгіленді. Жас мамандарға сабақты дұрыс құрылымдауға, әртүрлі жағдаяттарды тиімді шеше білуге үйрету, олардың кәсіби бейімделуіне бағыт-бағдар беру мақсат етіп алынды. Іс-шараның өтетін уақыты мен орны туралы хабарлама алдын-ала электронды нұсқада жіберілді. Әр сабақтың басы, ортасы, соңы болатындай коучинг барысы да сәйкестендіріле жоспарланды. Сабақ басы – «Ой қозғау» ретінде экраннан 3 сурет (бүршік жарып келе жатқан, гүл атып тұрған, жемісін беріп тұрған алма ағашы) шығарылды. Қатысушылардан экрандағы суреттерді коучинг тақырыбымен, өту барысымен байланыстырып айту сұралды. Олар бүр жарып тұрған жас мамандар екенін, гүл атып тұрғандар тәжірибелі мұғалімдер, алма беріп тұрғанды кемеліне жеткен тәжірибелі мұғалімдер деп болжам айтты. Бұдан әрі қатысушылар: 1-5 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер («Модераторлар» тобы), 6-25 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер («Сарапшылар және Зерттеушілер» тобы), 26-40 жыл еңбек өтілі бар мұғалімдер («Шеберлер» тобы) деп 3 топқа бөлінді. Алдымен коучингті жақсы көңіл-күймен бастау үшін, сергітетін музыка тыңдалынды.

Әрбір сабақта топтық жұмыс арқылы бірлесе әрекеттенген тиімді. Адамның санасы басқа адамдармен қарым-қатынаста дами түседі, қарым-қатынас әрекеттері бізді жаңа түсінікке әкеледі. [2, 134-бет] Бұдан әрі коучингтің негізгі бөлімінде топтық жұмыс ұйымдастырылып, топтардың тапсырмалары дескриптор арқылы түсіндіріліп берілді.

1-топқа: «Дөңгелек стол» тәсілі. Пікірталасқа «Жас маманның кәсіби шыңдалуы үшін не қажет деп ойлайсыздар?» сұрағы берілді. «Дөңгелек стол» тәсілінде қатысушылар кезекпен де, кез келген тәртіппен де өз ойларын ортаға салып, уақыт аяқталғанда ортақ қорытынды шешімді қабылдайды, өз шешімдерін аудиторияға ұсынады [2, 295-бет].

Дескриптор: - берілген сұрақ төңірегінде өз ойларын ортаға салады;  
- кәсіби бейімделуде жеке қажеттіліктерін айқындай алады.

2-топқа: РАФТ тәсілі. [3, 68-бет]. Әртүрлі тақырыпты тәжірибеден өткізіп, әртүрлі аудиторияға бағыттап, әртүрлі мақсатқа жауап беретін және қалыпты тандай отырып, тақырыпты ашуға мүмкіндік беретін тәсіл. РАФТ – Рөл, Аудитория, Формат, Тақырып. Біздің жағдайымызда екінші топтың тәжірибелі мұғалімдері өз рөлінде жас мамандар аудиториясына өздері таңдаған форматта «Әр мұғалім өз сабағының режиссері» тақырыбын ашуға жұмыс жасады.

Дескриптор: - тақырыпты берілген әдіс бойынша ашады;  
- жас мамандарға сабақ құрылымдауға кеңес бере алады.

3-топқа: Нақты ситуацияларды (жағдаяттарды) талдау әдісі. Бұл жағдаяттық талдаудың ең көп тараған түрі – нақты ситуацияларды дәстүрлі түрде талдау; ол өмірден алынған немесе ойдан құрастырылған ситуацияларды терең әрі майда-шүйдесіне дейін зерттеу. Жағдаяттарды талдау аналитикалық ойлауды дамытады, проблемалардың маңыздылығы тұрғысынан құрылымдау мен жіктеуге, басқару шешімдерін қабылдау, қарым-қатынастық (коммуникативтік) құзырлықтарды кеңейтуге, басқа

адамдармен өзара әрекеттестіретін жетті түрлерін, проблеманы деген ылқы үйретеді [1, 80-бет]. Ұсынылған сырма: «Стандық біріндегі меттік жеткі» Онда мұғалімнің құлағына дауыс көткізген бейне тәсілдері ж

Дескриптор:

-Жас мамандар

Әр топ

Жас мамандар тәжірибелі мамандарға жауап алды. Жағдаяттық топ бір-бір

Коучинг

өз ойларын күтілетін нәтижемен барысы бейне өздеріне әдіс мұғалімдер нәтижемен байқадық. бейнефильм

Коучинг көмектесу» шығармашы мен тәсілді шығатыны

1. Мұғалім

2. Әлімов

кұралы. Алма

3. Жақсы

Әдістемелік к

адамдармен тиімді түрде өзара әрекеттесудің ең қажетті түрлерін таңдау кабинеттерін қалыптастыруға, проблема теориясын білуге деген ынтаны көтеруге үйретеді [2, 327-бет]. Топқа ұсынылған жағдаяттық тапсырма: «Жақында қазақстандық мектептердің біріндегі бейнеролик әлеуметтік желілерде тарайды. Онда мұғалімнің оқушының құлағынан тартқылап, дауыс көтеріп ұрсып жатқаны бейнеленген. Осы жағдайдың себеп-салдарын айқындау, болдырмау тәсілдері және болған жағдайда қандай шешу жолдарын не ұсынар едіңіз?»



Дескриптор: - Берілген жағдаятты тиімді шеше алады;

-Жас маманның жағдаяттарды ұтымды шешуіне ықпал жасайды.

Әр топ мүшесі топтық тапсырманы орындауға өз үлестерін қосты. Жас мамандар өздерін толғандырып жүрген мәселелерін ортаға салып, тәжірибелі ұстаздардан сабақ құрылымдау, бағалау бойынша сұрақтарына жауап алды. Жеке қажеттіліктерін атап өтті. Келесі топ мүшелері жас мамандарға арнап сабақ құрылымдау бойынша құнды кеңестерін бере білді. Жағдаяттық тапсырманы үшінші топ көрініс арқылы орындап көрсетті. Әр топ бір-бірін «Комментарий» тәсілі арқылы бағалап отырды.

Коучинг соңында «Ұлағатты ұстаз» рефлексиясы жасалды. Әр топ өз ойларымен «Ұлағатты ұстаз» моделін ұсынды. Коучинг басындағы күтілетін нәтижелер бойынша қатысушылар өздеріне баға берді. Өтілу барысы бойынша ойларын ортаға салды. Жас мамандар коучингтен өздеріне әдістемелік жағынан ой түйгендерін айтса, орта, жоғары буын мұғалімдері де өз тәжірибелерін ортаға сала білді. Рефлексияны күтілетін нәтижемен салыстыру барысында коучингтің мақсаты орындалғандығын байқадық. Өтілген іс-шараның өтілу барысы фотосуреттерімен көркемделіп, бейнефильм ретінде қорытындыланды.

Коучтың түйінді рөлі «үйренушіге өз мүмкіндіктерін пайдалануға көмектесу» деген ұстанымға негізделген. Әр сабағын ұтымды және шығармашылықпен құрылымдап, оқу мақсаттарына жетуде тиімді әдістер мен тәсілдерді қолдана білген жас маманнан үйретері көп, өнегелі ұстаз шығатыны анық.

#### Әдебиет

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі деңгей) «НЗМ» ДББҰ. 2012, 80-бет
2. Әлімов.А. Интербелсенді әдістемені жоғары оқу орындарында қолдану мәселелері. Оқу құралы. Алматы, 2013, 134-бет.
3. Жаксылықова Г.И., Каженова А.М., Исмагилова Н.З. Интербелсенді әдіс-тәсілдер. Әдістемелік құрал. Өскемен, 2014, 41-бет.

ӘОЖ (УДК): 371.

## ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМАЛАР БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Фариза УЗЕМБАЕВА

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар  
және Әлем Тілдері университетінің 2 курс магистранты  
Алматы қаласы, Қазақстан

**Аннотация.** Мақалада жағдаяттық тапсырмаларға сипаттама беріледі. Жағдаяттық тапсырмалардың белсенді оқыту әдісі ретіндегі мүмкіндіктері анықталады. **Түйінді сөздер.** Жағдаяттық тапсырма, педагогикалық үдеріс, құзыреттілік, белсенді оқыту әдісі.

**Б**ілім беру саясатының жаңа шарттары, оқытудағы білімге негізделген тәсілден құзыреттілікке негізделген әдіске көшу сабақта жаңа әдістемелік ресурстарды пайдалануды талап етеді. Соның бірі – құзыреттілікке негізделген тәсілді білім берудің дәстүрлі мазмұнымен үйлестіруге мүмкіндік беретін жағдаяттық тапсырма.

Жағдаяттық тапсырма оқушыны қолда бар білімі мен тәжірибесін жұмылдыруға, оның көңіл-күйі мен ерік-жігерін нақты өмірлік жағдайлардағы мәселені шешуге үйретеді, яғни заманауи талаптарды қанағаттандыруға сәйкес келетін құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Жағдаяттық тапсырмалардың тиімділігі көп жағдайда олар жүзеге асырылатын педагогикалық шарттарға тәуелді. Бұл технологияның жетістігін анықтайтын педагогикалық шартқа, алдымен мұғалімнің жеке ерекшеліктерін жатқызуға болады.

Педагогикалық үдерісте жағдаяттық тапсырмаларды қолдану мұғалім іс-әрекетіндегі маңызды шығармашылық үдеріс болып табылады. Педагог тұлғасының бірегейлігі, мәдениеті, ізденімпаздығына қоса, оның педагогикалық үдерістің заңдылықтары мен балалар психологиясы жөнінде терең білімі болуы, болжамдау әдістерін жете меңгеруі, оқу-тәрбие үдерісінде жағдаяттық тапсырмалармен жұмысты ұйымдастыра білуі аса маңызды.

Жағдаяттық тапсырмалар – бұл оқушының ақпаратпен жұмыс істеу үдерісінде интеллектуалдық операцияларды бірізді меңгеруіне мүмкіндік беретін тапсырмалар, яғни: танысу – түсіну – қолдану – талдау – қорытындылау – бағалау. Жағдаяттық тапсырманың ерекшелігі оның айқын тәжірибеге бағытталған сипатында, бірақ оны шешу үшін нақты пәндік білім қажет. Көбінесе бірнеше пәндерді білу қажеттігі туындайды. Тапсырманың міндетті құрамы ретінде проблемалық сұрақты атап көрсетуге болады, ал өз кезегінде ол оқушы оған жауап тапқысы келетіндей етіп құрастырылуы керек.

Жағдаяттық тапсырмалар мазмұнының қайнар көзі білім беру үдерісінде туындайтын педагогикалық жағдаяттар болып табылады. Алайда жағдаяттық тапсырмалардың негізгі бастау көздерінің арақатынасы әртүрлі болуы мүмкін. Осы орайда, зерттеулер нәтижелеріне сүйене отыра, жағдаяттық тапсырмалардың негізгі бастау көздерін әсер ету дәрежесі бойынша:

- нақты өмірлік жағдаяттарды көрсететін практикалық жағдаяттар;
- негізгі міндеті оқыту болып табылатын оқу жағдаяттары;

– зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыруға бағытталған ғылыми-зерттеу жағдаяттары деп жіктеуге болады.

Әрбір жағдаяттық тапсырма үйретушілік қызметке ие болғанымен, бұл қызметтің түрлі жағдаяттардағы көрініс табу дәрежесі әртүрлі болып келеді. Біріншіден, жағдаяттық тапсырмалар мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті барысында кездесетін және жиі туындайтын типтік жағдайларды бейнелейді. Екіншіден, оқу жағдаяттық тапсырмасында оқыту мен тәрбиелік міндеттер алдыңғы орында тұрады.

Жоғарыда келтірілген жағдаяттық тапсырмалардың бастау көздерін негізгі немесе бастапқы деп атаған жөн, өйткені олар жағдаятқа әсер ететін ең маңызды факторларды анықтайды. Сондай-ақ негізгі көздерден алынған жағдаяттық тапсырмаларды қалыптастырудың косалқы көздерін де ажыратып көрсетуге болады. Олардың арасында мыналарды бөліп атаған жөн:

- жағдаяттық тапсырмалар желісін анықтауға мүмкіндік беретін оқу әдебиеті. Көркем шығармалар мен публицистикалық әдебиеттің белгілі шығармаларынан алынған ғибратты үзінділер жағдаяттық тапсырманы тартымды етумен қатар, оны қызықты, белсенді, нәтижелі игеруде де маңызды рөл атқарады. Жағдаяттық тапсырмаларға публицистикадан үзінділер мен бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған жедел ақпаратты енгізу жағдайды айтарлықтай белсендендіреді, сондай-ақ оған оқушылардың қызығушылығын арттырады;

- оқу орнының, оқу тобының және т.б. күнделікті өмірінен алынған материалдың маңыздылығын бағаламауға болмайды. Оқушылар жағдаяттық тапсырмаларда сипатталған оқиғалар мен мазмұнды жақсы білсе, өздерін сенімдірек сезінеді. Сондай-ақ, оқушылар үшін өзекті материалға негізделген жағдаятты талқылаудың мұғалімге де оңтайлылығын атап өтуге болады.

- статистикалық материалдардың жағдаяттық тапсырмалардың ғылыми сипаты мен дәлдігін сақтауда өз орны бар. Сонымен бірге, бұл материалдар жағдайды бағалау құралының рөлін атқара алады және жағдаятты түсіну үшін ең қажетті көрсеткіштерді есептеу материалы ретінде әрекет етеді. Статистикалық материалдарды пайдалану кезінде оны түсіну үшін оқушы бірнеше сұрақтарға жауап беруі қажет: «Бұл материалдар жағдаятты сипаттауда қандай рөл атқарады?», «Материалдың өз ішінде жағдаятты сипаттайтын нәрсе бар ма?», «Ол сипаттамалар қалай келтірілген немесе ерекшеленген?» және т.б. Статистикалық материалдар жағдаятты сипаттайтын мәтіннің өзінде немесе қосымшасында беріледі;

- жағдаяттық тапсырмаларға арналған материалдарды, сондай-ақ белгілі бір мәселе бойынша ғылыми мақалаларды, монографияларды және ғылыми баяндамаларды талдау арқылы алуға болады. Публицистика мен көркем әдебиет шығармалары жағдаяттық тапсырмаға эмоционалды реңк беріп, мазмұндық қабылдауды қамтамасыз етсе, ғылыми шығармалар оған аса дәлдік пен анықтық береді.

- жағдаяттық тапсырмалар үшін мазмұндық бастау көз ретінде интернет пен оның ресурстарын атауға болады. Бұл бастау көз айтарлықтай ауқымдылығымен, икемділігімен және тиімділігімен сипатталады. Жағдаяттық тапсырмалар үшін ақпараттың барлық көздері әрекет өнімдері болып табылады.

Зерттеушілер оқыту үдерісінде жағдаяттық тапсырмаларды пайдалануда оларды ғылыми қағидаларға сәйкес құру қажеттігін алға тартады және оған қатысты «жобалау» және «құрылымдау» ұғымдарына ерекше назар аудартады [1,2].

Арнайы интеллектуалдық өнімдер ретінде жағдаяттық тапсырмаларды құруға қатысты алғанда, бұл терминдердің айырмасы бар, мәселен, жобалау жағдаяттарды ойластыру реттілігін қамтитындығымен ерекшеленсе, құрылымдау жағдаяттық тапсырмаларды жазудың өзі болып табылады, яғни жобаның мәтінде нақтылануы, сондай-ақ оған белгілі бір талаптар қойылады.

Жағдаяттық тапсырмаларды жобалау мен құрылымдау өте күрделі үдеріс. Жағдаяттық тапсырмаларды құру үшін ең алдымен талаптарды тұжырымдау қажет, яғни:

- ол шынайы оқиғаны шебер бейнеленуі,
- нақты проблеманы көрсетуі,
- тартысты жағдаятты сипаттауы,
- қарама-қайшылықты салыстыруларды қамтуы,
- қабылданған шешімдерді бағалауға мүмкіндік беруі,
- қысқа болуы (мәтіннің оңтайлы көлемі 8-12 беттен және кестелер мен графиктер 5-10 бетінен аспауы керек),
- қажетті статистикалық ақпаратты қамтуы тиіс.

Жағдаяттық тапсырмалар құруда қойылатын мақсаттар нақты, тұлғаға бағдарланған және педагогикалық үдерістің заңдылықтарын барынша ескергенде ғана күтілетін нәтижелер сипатына ие бола алады. Білім алушы білім, білік және дағдыларды пассивті «алушы» болып қалмауы тиіс. Білім беруді жаңарту жағдайындағы мектептің оқу процесі білім алушылардың өздерінің белсенді әрекетімен ерекшеленеді. Бұл жағдайда мұғалім білім алушылардың танымдық қызметін ұйымдастырушы болып табылады. Оқыту мақсаты оқушы мен мұғалім үшін ортақ болады [3].

Педагог жағдаяттық тапсырмалар құру үдерісінде болжамдалатын мақсатты қоюда бірқатар маңызды мәселелерге жауап беруі тиіс. Оқушыға қандай құндылықтарды, мағыналы нәрселерді беру қажет? Берілген технологияны жүзеге асыруда қандай нақты біліктер, дағдылар немесе тұлғалық қасиеттер қалыптастырылуы тиіс? Нақты бір сапаның қалыптасқанын қалай білуге болады? Оқушыда қалыптасқан тұлғалық сапалар қандай іс-әрекетте, қандай қарым-қатынаста (өзіне, адамдарға, еңбекке және табиғатқа) көрініс береді?

Мақсат қойылып тұжырымдалғанда тұлғаның сәйкес сапаларының деңгейін (мысалы, тәртіптілігін, ұқыптылығын) немесе сапалар мен біліктердің толық бір кешенін (мысалы, адамдармен қарым-қатынас жасай алуын, өзін-өзі тәрбиелеуін, өзін-өзі дамыту қабілеттіліктерін) жүзеге асыру болжамдалады.

**З**аманауи педагог тұлғасы ғылым мен тәжірибенің тұтастығын бейнелейді. Әр адам – жан дүниесі, болмыс бөлек, қайталанбас, ғажайып құбылыс. Ғылымдағы әйсел келбетін келістіріп суреттеу, оның кәсіби жетістіктері мен рухани дүниесінің үйлесімділігін дәл пайымдау күрделі де жауапты іс. Осы уақыттағы жаһандану үдерісіне еркін еніп, табысты қызмет атқару мақсатында жоғары білім беру жүйесіндегі басшылар өз құзыреттіліктерін үнемі жаңартып, ғылым мен практикадағы инновацияларды қалт жібермей оқу-тәрбие үдерісіне ендіруге ұмтылуда. Университеттегі білім беру саясатын әлемдік тәжірибемен үйлестіріп жүзеге асыру үшін ұшқыр ойлы, білімді, парасатты, көреген, тапқыр басшы қажет-ақ. Осындай басшылардың бірі – философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ПҒА академигі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Масалимова Әлия Рымғазықызы.

*Бәсекеге қабілеттілік мектептен бастау алады.* Масалимова Әлия Рымғазықызы 1972 жылы 9 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Аягөз қаласында педагог және инженер отбасында дүниеге келді.

1989 жылы ол орта мектепті алтын медальмен бітірді. Мектеп жылдарында қоғамдық жұмыспен белсенді айналысты, староста, жасақ кеңесінің төрағасы, жасақ Кеңесінің мүшесі, интернационалдық достық клубының мүшесі болып сайланды. Спортпен шұғылданды (баскетбол, волейбол, «Зарница» әскери-спорттық ойыны). Музыка мектебінде оқыды, биге үйренді, хорда ән салды. Пәндер (Орыс тілі, әдебиет, математика) бойынша түрлі конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Оқудағы үздік жетістіктері мен белсенділігі үшін «Артек» халықаралық лагеріне жолдамамен марапатталды (1984). Мектепте оқып жүргенде көптеген мәдени-танымдық сапар шекті, республикалар мен қалаларға (мәдени-тарихи, мемориалдық кешендер, әскери даңқ орындары) барды. Әдебиет пен тарих сабақтарын қатты ұнатты. Мұның бәрі оның болашақ мамандығын таңдауға ықпал етсе керек.

*Зияткер отбасы тәрбие ордасы.* Әлия Рымғазықызының тұлға ретінде қалыптасуына, рухани дамуына, құндылық бағдарларына үлкен әсер еткен оның анасы – Масалимова Толеугайша Садвалиевна, Аягөз ауданының Құрметті азаматы, КСРО білім беру үздігі, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мұғалімі. Анасы білім беру жүйесінде бастауыш сыныптар, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінен мектеп директорына дейін көтеріліп, қырық бес жылдан астам жұмыс істеді, оның ішінде 30 жылдан астам уақыт оқу ісінің меңгерушісі болды. Төлеуғайша Садвалиевна әрқашан өзіне өзі

жоғары талап қоятын, жинақы және жұмыста приципшіл болатын. Жас Әлия одан «Егер сіз бірденеге қол жеткізгің келсе, мақсат-мұратты биіктерге ұмтылдыр!» дегенді жиі естіді. Бұл ретте анасының осындай қасиеттерімен қатар өз мамандығына, балаларға деген сүйіспеншілігі таңқаларлық еді. Өз оқушыларымен кездескенде олардың аты-жөнін, қандай да бір жетістіктері жайлы айтып беретініне көпшілік риза болады. Төлеуғайша Садвалиевна жылы да жайлы сөздер арқылы шәкірттерін шабыттандыратын. Қазір лайықты демалыста бола отырып, ол адамдарға дем беріп, көмектесуді тоқтатпайды. «Отбасы» банкі жүйесінде табысты кеңесші болып жұмыс істейді.

Әлия Рымғазықызының мінезіндегі шешім қабылдаудағы табандылық, мақсаттарға жетудегі тапқырлық, жігерлілік сол кездегі Семей облысында жұмыс істеген жылдары аудандар мен ауылдарда көптеген әлеуметтік маңызы бар нысандарды салған әкесі – Масалимов Рымғазыдан берілді. Зейнет жасында мектепте сабақ беріп, оқушыларға сурет салу, сызу, инженерлік даналық негіздерін үйретті. Ал бос уақытында шахмат бойынша тегін сабақ берді.

*Даналық іліміне барар жолда.* Мектепті бітірген жылы Әлия Рымғазықызы С.М. Киров атындағы. Қазақ мемлекеттік университетінің философия-экономика факультетіне оқуға түсті. Сол уақытта философиялық бөлім бүкіл Орталық Азия аймағына ғылыми философиялық дәстүрлерімен танымал және идеология саласы мамандарын даярлау орталығы болды. Оның университет пен факультетті таңдауына тәтесі – Килыбаева Бақыт Садвалиевнаның тікелей ықпалы болды. Анасының әпкесі көп жылдар бойы комсомолда, партиялық-кеңестік жүйеде жұмыс істеді, қалалық, облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланды. Әлия үшін ол іскер әйел мен парасаттылықтың үлгісі болды. Өткір ақыл, жоғары кәсібилік, ұйымдастырушылық сапалар, жұмыстағы қатаң тәртіптілік, нақты әрі орынды сөйлеудің эстетикалық талғаммен үйлесімділігі, жарқыраған әзілмен және әйел ретіндегі азаматтығымен тамаша үндескен еді.

Философия-экономика факультетіндегі бәсеке өте қатал болды, тек медалистер арасында бір орынға төрт талапкер сынға түсті. Емтиханды тапсырып, бейіндік пән бойынша бестік алған соң, Әлия Рымғазықызы студенттер құрамына қабылданды. 1994 жылы Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің «Философ, философия оқытушысы» біліктілігімен үздік диплом алды.

Университет жылдары оның өмірінің ерекше кезеңі болды, Бәріңізге мәлім, тоқсаныншы жылдардың басында ел қиындықтарды бастан өткерді. Кеңес Одағының ыдырауы, жаңа тәуелсіз мемлекеттің құрылуы, қолданыстағы рәміздердің құлдырауы және дүниетанымдық мұраттардың ауысу үдерісі қарқынды жүріп жатты. Бірақ дәл осы жылдары жастар, бірінші курс философтары «Көңілділер мен тапқыштар» клубы қозғалысын жандандыра бастады, факультеттер арасында конкурстар ұйымдастырды. Ол тұста арнайы куратор-эдвайзерлер болған жоқ, бірақ студенттер ауылшаруашылық жұмыстарында (темекі, картоп, алма және жүзім жинау) үшінші еңбек семестрін көңілді өткізді. Сонымен қатар, олар философиялық даналықтың негіздерін үлкен ынтамен меңгерді.

*Әлия Рымғазықызының ұстаздарына тағзымы* оның білім алған, үлкен өмірге керемет жолдама берген алма-матеріне терең ризашылық сезімін білдіреді.

Жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдары университетте терең ойлы, парасатты ғалымдар жұмыс істеді, шебер оқытушылар сабақ берді. Әрине, оларға деген алғыс сезімі Әлия Рымғазықызының жүрегінде мәңгі сақталмақ. Ол өз тәлімгерлерін үнемі зор құрметпен еске алады, олар доценттер мен профессорлар К.Х. Рахматуллин, А.Х. Қасымжанов, М.Ш. Хасанов, А.Қ. Қасабек, А.В. Савицкий, А.Б. Наурызбаева, В.И. Иевский, А.А. Швыдко, О.М. Борецкий және басқалар. Олардың әрқайсысымен ерекше байланысты естеліктер жеткілікті. Соның кейбіріне тоқталайық. Университеттегі алғашқы сабағымызда профессор Қасым Халиуллинович Рахматуллин «Мамандыққа кіріспе» пәннен дәріс оқыды. Біз бұл пәне ғашық болдық, басқаша болуы мүмкін емес еді. Әдемі, жарасымды, әсерлі адам кешегі мектеп оқушыларына түсінікті тілде күрделі философиялық даналық туралы айтады. Дәрістерде біз ғарыштық ғаламның тереңдігіне және сонымен бірге адами өмірдің қарапайымдылығына бой алдырдық. Адам өмірінің құндылығының мағынасын біз соғысты көрген және өлімнің не екенін жақсы білетін мұғалімнен естідік.

Хасанов Марат Шамұратұлы факультетте «Диалектикалық материализмді» жүргізді. Ол ешуақытта дауыс көтерместен сабақ жүргізді, ол өте мейірімді болып көрінді, бірақ бірден сынақтан өту мүмкін. Әуелі мұқият қайта оқып, бір біріне емтихан тапсырып дегендей, емтиханға топ болып дайындалатын.

Александр Савицкий өзінің ерекше келбетімен, қызыл бұйра шаштарымен бір періштедей көрінетін. Факультетте оқытушылар оқуға түсушілер үшін өткізген консультациялармен, сол кездегі университетте қандай да бір мағынада мансаптық бағыт рөлін атқаратын марксизм мен ленинизм мектебі арқылы ерекше үлгі сыйлады.

Валерий Иосифович Иевский ең қиын курстардың бірі – неміс классикалық философиясын, содан кейін символдық логиканы үйретіп, неміс философтарын еске түсіретін. Ол ойлаудың тереңдігі мен кеңдігінің, заттардың мәніне сыни көзқарастың бейнесі болды. Жылдар өткен соң, олар философиялық білімдерін қосымша толтырғанын айқындалды.

Алексей Александрович Швыдко мен Олег Михайлович Борецкий – ерлердің эстетикасы мен терең ақылының, эрудицияның, шешендік өнердің көрінісі іспеттес. Әр түрлі курстарда олар студенттерге түрлі пәндерді жүргізді. Әсіресе Алексей Александровичтің «Философияны оқыту әдістемесі» пәні бойынша қатаң талап қойғаны анық болатын.

Олег Михайлович соңғы курстарда риторикадан дәріс оқыды. Мәдениеттану ғылымының қалыптасуының бастамаысы Альмира Бекетовна Наурызбаеваны 5-курста қазіргі философия және өнер иірімдерін тыңдау әрқашан қызықты және мазмұнды ғанибет. Оның бүкіл бейнесі тәуелсіз көзқарастар мен прогрессивті идеялары бар зиялы әйелдерді еске салатын.

Профессор Аманжол Қасабек – бітіруші жұмысының ғылыми жетекшісі және факультет деканы. Дипломдық жұмысымың тақырыбы: «Құран

мәтінінің мәденитанымдық мазмұны». Қасиетті кітаптың мәтінін қайдан табуға болатыны. Атақты шығыстанушы, академик И. Крачковскийдің аудармасындағы Қасиетті кітаптың мәтінін іздеп тауып, сатып алды. Содан кейін Мұхаммед Пайғамбардың хадистерін, тарихын және өмірбаянын оқыды. Диплмдық жұмысты беске қорғады. Көптеген сұрақтар қойылды. Бірақ діни тақырып сол кезде өзекті болды, аспирантураға түсуге ұсынуға осы жәйт себеп болды. Бұл, яғни шағын өңірлік қаладан келген қыз үшін ғылыммен айналысуға жолдама алу үлкен жітістік болды.

1994 жылы түлектерді жұмысқа орналастырудың қатаң бөлу жүйесі жұмыс істейтін. Ол жерде үш ай ғана жұмыс істеп, бірақ «жауынгерлік әзірліктен» өтті. Жас маман үшін ересек, мектеп мұғалімдеріне, қалыптасқан тұлғаларға сабақ беру қатал сынақ болды. Көлемді жүктеме берілді, бос уақыт мүлдем жоқтың қасы еді. Алғашқыда қиын болғанмен, кейін ол жақсы тәжірибеге айналды. Каферада мен қазіргі таңда Қазақстанның заманауи философиясының тұлғалары болып табылатын Жомарт Медеуов, Күлшат Медеуова, Айнұр Абдина жас философтардың жарқын шоғырымен таныстым.

Әуелі ғылыми жетекші болып Аманжол Қасабекұлы бекітілді. Көп ұзамай ол Жетісу университетінің ректоры болып тағайындалғандықтан, жетекші Жақыпбек Алтайұлы Алтаев болды.

1998 жылы «Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін сәйкестендіру мәселелері» тақырыбында «24.00.00 – Мәдениет теориясы мен тарихы» атты жаңа мамандық бойынша кандидаттық диссертациясың қорғады. 1999 жылы Қазақ және шетел философиясының тарихы кафедрасына аға оқытушы болып қабылданды, 2002 жылдан бастап доцент лауазымын атқарды.

Өмірімнің осы кезеңінде тілдік, педагогикалық, шешендік қабілеттерімнің дамуына, кәсіби қасиеттерімнің қалыптасуына әрине, Ақмамбетов сияқты жеке тұлғалар, философтар, танымал профессорлар әсер етті. Галихан Галимгиреевич өзінің озық әрі майталман философиялық тілімен есте қалды. М.С. Орынбековтің дінтану саласындағы «Предфилософия предказахов», «Діншілдік негіздері» сияқты классикалық кітаптары – менің үстел кітаптарым.

Б.К. Құдайбергеновтің нәзік әзілдерін тыңдау ерекше ғанибет болды, өйткені ол өзінің әңгімесін күтпеген құбылыстармен аяқтауы күлкі дауылын тудырып, бірізді мәз ететін. С.Т. Темірбеков – дана адам, Д.А. Қонаевтың үзеңгілесі, кеңес кезеңінде Кеңес Одағы коммунистік партия жүйесінде жұмыс істейтін, білім мен ғылымды ұйымдастырушы, университет ректоры. «Мәдениеттану» курсы бойынша оқу құралын алғашқылардың бірі болып жазған, Қазақстан ғылымында мәдениет пен өркениет тақырыбын әзірлеген. Б.Г. Нұржанов еді. Оны «Француз қазағы» деп айтқан. Ол кітаптардың түпнұсқасын тек француз тілінде ғана емес, неміс, ағылшын тілдерінде де оқыды. Ол мені жұмысқа қабылдаған алғашқы кафедра меңгерушісі болды. Бір қызығы, мен бірден аға оқытушы ретінде жұмыс істей бастадым, Себебі ол менің ғылым кандидаты, Кандидаттық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңестің мүшесі екендігімді негізге алды.

Біздің жаңа «Мәдениет теориясы мен тарихы» мамандығы бойынша мамандар болмағандықтан, ғылым кандидаты атағын алған бойда, Диссертациялық кеңес құрамына кірдік. Сол уақыттар аса ызық болған екен.

Н.Ж. Б  
фессор  
Содан  
тов – І  
зақ хал  
сикаль  
бірі де  
айқын  
лылық  
Ал  
(2007-  
тыруш  
да мен  
менін  
терге  
Ке  
серікт  
әріпте  
баева.  
балает  
3. Мәд  
бек жә  
20  
болды  
үдеріс  
2004  
ры, со  
жылға  
кызме  
дылы  
фессо  
20  
жұмы  
сынып  
Ә.  
дарлы  
ұшта  
атынд  
Ф  
Ә  
филос  
А.Ж.  
дабек  
К.Н. І  
басқа  
және

нін қайдан та-  
кйдің аудар-  
Содан кейін  
янын оқыды.  
ы. Бірақ діни  
ға осы жәйт  
ін ғылыммен

ту жүйесі жү-  
ерлік әзірлік-  
птасқан тұл-  
ді, бос уақыт  
ол жақсы тә-  
аманауи фи-  
Күлшат Ме-  
н таныстым.  
ді. Көп ұза-  
дықтан, же-

ендіру мәсе-  
рихы» атты  
ғады. 1999  
на аға оқы-  
ан атқарды.  
леттерімнің  
сияқты жеке  
Галимгирее-  
М.С. Орын-  
іншілдік не-

ібет болды,  
кі дауылын  
Қонаевтың  
есінде жү-  
т ректоры.  
бірі болып  
ын әзірле-  
ітаптардың  
дерінде де  
ісі болды.  
ым, Себебі  
ғау жөнін-

бойынша  
йда, Дис-  
лған екен.

Н.Ж. Байтенова – ақыл мен сұлулықты бойына сіңірген ең құрметті әйел профессорлардың бірі. Оның төрағалығымен докторлық диссертация қорғадым. Содан кейін сол кеңестің ғылыми хатшы ретінде жұмыс істедім. Т.Х. Ғабитов – Қазақстандағы мәдениеттану ғылымының негізін қалаушы. Оның қазақ халқының мәдениет тарихына арналған еңбектері мен мақалалары классикалық болып табылады. Мен оны ресми емес ғылыми жетекшілерімнің бірі деп санаймын. Профессор Исмағамбетова Зухра Нұрланқызы – ойлау айқындығының, тілдің дәлдігінің, кәсіпқойлықтың, парасаттылықтың, зиялылық пен жоғары мәдениеттің үлгісі.

Академик, профессор, жазушы, белгілі қоғам және саяси қайраткер (2007-2013 жж. Сенат депутаты) Ғарифолла Есімді менің іскерлік, ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттерім мен дарындылығымды дамытуда менің тәлімгерім, ғылыми жетекшім және «гуру» деп атаймын. Әрине, менің ұстаздарым-әрдайым ғылыми ізденістер мен шығармашылық ізденістерге шабыттандыратын талантты ғалымдар.

Көптеген адамдар туралы жеке мақалалар жаза аласыз. Бірақ мен цехтың серіктестері, тәлімгерлері ғана емес, жақын достарым мен достарым болған әріптестерім туралы да айтуым керек деп ойлаймын. Профессорлар Ш. Таубаева, А. Құсайынов, З. Шаукенова, А. Құлсариева, Г. Насимова, Ш. Жаманбалаева, А. Құрманалиева, Г. Әбдірайымова, М. Қабақова, Н. Әлғожаева, З. Мәдалиева, А. Кустубаева, К. Затов, А. Сағықызы, Б. Мейірбаев, А. Құранбек және т.б.» деп, Әлия Рымғазықызы олар туралы толғанысын аяқтады.

2000 жылдан 2007 жылға дейін факультеттің магистратура жетекшісі болды, университетте оқытудың кредиттік технологиясын және Болон үдерісінің қағидаттарын енгізу бойынша жұмысқа өз үлесін қосты. 2002-2004 жылдары-факультет деканының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, сол кезде бұл лауазым алғаш рет тағайындалған еді. 2005 жылдан 2007 жылға дейін докторантурада кафедраның аға ғылыми қызметкері ретінде қызмет атқарды. 2008 ж. докторлық диссертациясын қорғады: «Маргиналдылық мәдениеттану мәселесі ретінде». Ғылыми кеңесшісі - академик, профессор, жазушы, белгілі қоғам және саяси қайраткер Ғарифолла Есім.

2009-2011жж. факультет деканының тәрбие жұмысы, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, сондай-ақ Мәдени антропология кафедрасының профессоры болып жұмыс істеді.

*Әлия Рымғазықызы Философия және саясаттану факультетін сын-дарлы басқару мен ғылыми жұмыстағы көшбасшылықты шеберлікпен ұштастырды.* 2011 жылдың қыркүйегінен 2021 жылға дейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің деканы болды.

#### *Философия және саясаттану факультетінің жетістіктері*

Әр жылдары философия және саясаттану факультетін профессор, философия ғылымдарының докторы О.А. Сегізбаев, А.Х. Қасымжанов, А.Ж. Кельбуганов, М.С. Әженов, Ю. Лифанов, А.К. Касабеков, Ж.Ж. Молдабеков, психология ғылымдарының докторы, профессор Н.А. Логинова, К.Н. Бурханов, Ш.А. Әмірбеков, Ғ. Есім, З.К. Шаукенова, А.Т. Құлсариева басқарды. 2011 жылдан бастап 2021 жылдың сәуір айының дейін философия және саясаттану факультетінің деканы – философия ғылымдарының док-

торы, профессор Масалимова Алия Рымғазықызы болды. Он жылдың ішінде факультетте 12 мамандық даярлайтын 6 кафедра қызмет етті.

Факультет аясында элеуметтанулық инжиниринг, психологиялық технологиялар мен инновациялар, этнопсихология мен этнопедагогика, дінтанулық зерттеу мәселелерімен айналысатын 7 ғылыми-зерттеу орталығы қызмет етеді. «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы» ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталығы жаһандану дәуірінде талап етілген жаңа интегралды дүниетанымды қалыптастыру тұрғысынан мәдениеттер мен халықтардың бірлігі мен өзара түсіністігіне бағытталған әл-Фараби идеяларының кешенін тұтас зерттеумен айналысады. Әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дың Қазақстан Халқы Ассамблеясының кафедрааралық ғылыми-білім беру орталығы факультет аясында құрылып, еліміздегі тұтастық пен бірлікті сақтауға өз үлесін қосуда. Университет көлемінде халықаралық деңгейде дәстүрлі түрде атап өтілетін Фараби Форумды ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын факультет жүзеге асырады және де әр жылдан жылға дейін жоғары деңгейде өткізілді. Гранттық қаржыландыру бойынша факультет ғалымдары іргелі және қолданбалы зерттеу жобалары аясында үнемі жұмыс жүргізіп, шетелдік және халықаралық жобалармен де белсенді түрде айналысуда. Жаһандану дәуірінде, санадағы шекаралар жойылған кезеңде, уақыт талабына сай факультет ғалымдары әлемдік деңгейде де өз зерттеулерінің нәтижелерін ұсынып отыр.

Әлия Рымғазықызымен 2011-2021 жылдары әріптес болдым. 2011 жылы Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының түлегі ретінде Ресей білім академиясының Педагогиканың тарихы мен теориясы институтының педагогикалық өлшемдер зертханасында тағылымдамадан өтіп келген тұста таныстым. Содан бері педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессорымын. Әлия Рымғазықызы білім беру философиясымен терең айналысады екен. Мен педагогиканың философиясы мәселелерін қарастырып, оқулық жазу үшін ізденіс үстінде едім. Ғылыми жұмыстардың мағыналық жақындығы біздерді достастырған болар. Маған ол зерттеу нәтижелеріңізді жүйеленіңіз деп кеңес берді. Мен оның ұсыныстарын толық орындадым десем болады. Әлия Рымғазықызы кафедраның бағыт-бағдарын, жұмыс қисынын жіті бақылап, жетекшілік етіп отырды. Сондықтан да кафедра сапалы оқу-әдістемелік құралдар дайындап, халықаралық деңгейде мамандар даярлауды іске асырды. Алты кафедрасы бар факультетті басқару күрделі, сан түрлі ғылым саласын кіріктіру даналықты, көрегендікті талап ететін ақиқат.

2021 жылдың сәуір айынан бастап Әлия Рымғазықызы - Әл-Фараби Атындағы ҚазҰУ-дың элеуметтік даму жөніндегі проректоры. Оның барлық саналы іс-әрекеті Алма-матермен байланысты. Әр жылдары - ҚР БҒМ жанындағы философиялық, мәдениеттану, социология және саясаттану әдебиеттерін сараптау жөніндегі комиссияның ғалым хатшысы, Элеуметтік-гуманитарлық мамандықтар бойынша Республикалық оқу-әдістемелік секцияның ғалым хатшысы; «Философия. Мәдениеттану. Дінтану. Исламтану» мамандықтары бойынша Диссертациялық Кеңестің төрайымы, ҚР БҒМ БҒСБК сараптау комиссиясының мүшесі, БСКТҚА аккредиттеу агенттіктерінің ұлттық сарапшысы.

Қазіргі уақытта «ҚазҰУ хабаршысы» журналының ғылыми редакторы: философия, саясаттану, мәдениеттану. «Әл-Фараби» ғылыми журналының редакциялық алқасының мүшесі (ҚР БҒМ ҒК ЖДК), «Strategies for Policy in Science and Education» (Болгария), «Евразийство и Мир» (Ресей) ғылыми журналдарының халықаралық редакциялық кеңестерінің мүшесі, Board of EURAS Journal of Social Sciences-EJOSS (Түркия) толық мүшесі.

Сорос Қоры грантының иегері, CEU-да тағылымдама (Орталық Еуропа университеті, Будапешт қ., 2001). «ҚР БҒМ ЖОО үздік оқытушысы 2010 ж» гранты иегері. Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық бағдарламасының стипендиаты: 2013 жылы Брунел университетінде (Лондон), 2014 жылы Монтре Бизнес мектебінде «Экономика және халық шаруашылығын басқару» мамандығы бойынша оқыды.

**Сарапшылық қызметі.** әлеуметтік-гуманитарлық мәселелер бойынша сарапшы ретінде қызмет етеді.

**Ғылыми кеңістігі.** Қазіргі жаһандану үрдістері мен цифрлық дәуірдің талабы жағдайында Әлия Рымғазықызы ғалым және университет оқытушысы ретінде өзінің кәсіби құзыреттіліктері мен дағдыларын үнемі жетілдіріп, жаңалықтармен танысып, түсіну маңызды деп санайды. Осы мақсатта ол шетелдік жетекші университеттерде (АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Швейцария, Гонконг, Сингапур) ғылыми-зерттеу тағылымдамаларынан өтті.

Отандық және шетелдік зерттеушілермен ынтымақтасады, халықаралық ұйымдармен және шет елдердің ғалымдарымен ғылыми байланыстарды белсенді қолдайды. Республикалық, халықаралық ғылыми басылымдарда, шетелдік рейтингтік журналдарда жарияланымдары бар. Профессор Ресей мен Болгария университеттерінде дәріс оқыды. 2020 жылы АҚШ, Швейцария, Австрия, Германия, Тайланд, БАӘ, Жапония университеттерінің студенттеріне Әл-Фараби философиясы бойынша дәріс оқыды. Модератор ретінде Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аясында «Science Talks» вебинар сериясын өткізді.

Ресей университеттерінде, София университетінде дипломдық магистрлік бағдарламалардың бастамашысы және авторы. Кл. Охридского («Europe and Asia: Cultural Diplomacy and Geopolitics of the EU»).

Оның өмірлік ұстанымдарының бірі – белсенді болу және байқаушы ғана болмау, бұл қоғамдық өмірге де қатысты. Әрбір саналы және білімді адам өз елінің белсенді азаматы және патриоты болуға, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға өзінің нақты үлесін қосуға тиіс. Авторлық ұжым құрамында «Қазақстан жастары – 2015 ж.» ұлттық баяндамасын құрастыруға қатысты. «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында белгілі ағылшын мәдениеттанушысы А. Барнардтың «Антропологиядағы Тарих және теория» кітабын қазақ тіліне аударуға ғылыми редактор, сондай-ақ осы кітаптың орыс тіліндегі бейне-курсының авторы ретінде қатысты.

«100 Кітап» бағдарламасы бойынша Ұлттық аударма бюросы редакциялық алқасының мүшесі.

**Ғылыми жетістіктері.** Ғылыми-зерттеу, оқытушылық, ұйымдастыру-басқару, қоғамдық қызметтерде тәжірибесі бар. Әдеп, эстетика, мәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация теориясы бойынша типтік бағдарлама-

лардың, «Мәдениеттану» пәні бойынша оқу-әдістемелік құралдың авторы (2002 ж.). «Мәдениеттану» дәрістер курсы дайындап шығарды. (2003 ж.); «Мамандыққа кіріспе» оқу құралы (2009 ж.). «Философия» және «Мәдениеттану» оқулықтарының бірлескен авторы (2001-2004 жж., ред. (2004 ж., 2007 ж.), ҚР БҒМ ұсынған «Мәдениет және өркениет» оқулығы (2005 ж.). «Мәдени антропология» (2006 ж.) бойынша Қазақстандағы алғашқы оқу құралының авторы, маргиналдылық мәселесін зерттеуші («Мәдениеттегі маргиналдылық феномені» монографиясы, 2007 ж.), «Мәдени антропология» (2011, 2013 ж.) қазақ тілінде А. Кулсариевамен бірлесіп жазған.

Бас редакциясымен «Өзгерген әлемдегі Қазақстан: дамыған елдер қатарларына енудің мәдени үлгісі» ұжымдық монографиясы және «Қысқаша заманауи мәдениеттік сөз» заманауи терминдердің мәдениеттанулық сөздігі (2017 ж.) жарық көрді. ҚР БҒМ орыс және ағылшын тілдерінде бекіткен «Қазақ философиясы» оқулығының тең авторы (2017 ж., тең авторлары Алтаев Ж.А., Касабек А.К.). «Қазіргі мәдениеттегі гендерлік зерттеулер» оқу құралының тең авторы (бірлескен авторы Қылышбаева Б.Н., 2018 ж.).

2000 жылдан бастап авторлық ұжымның мүшесі болды. «Мәдениеттану» (бакалавриат), «Мәдениеттану» (5 жыл), «Мәдениеттану» жаңа мамандықтары бойынша мемлекеттік білім беру стандарты (магистратура), 2004 жылғы үлгідегі, сондай-ақ 2008 жылғы үлгідегі мемлекеттік стандарттарды, «Мәдениеттану» мамандықтары бойынша оқу жұмыс жоспарларын әзірлеуші (бакалавриат) және «Мәдениеттану» (магистратура). Қазіргі заманғы мәдениет, философия, білім беру, дінтану, саяси мәдениеттің түрлі проблемалары бойынша іргелі ғылыми зерттеулер жүргізуде үлкен тәжірибеге ие.

Жоба жетекшісі болды: «Қазақстанның дамыған отыз елдің қатарына кіруінің мәдениеттанулық моделі: интеграция және мәдениетаралық коммуникация мәселесі» (2015-2017 жж.), «Қоғамдық сананы жаңғырту үдерісіндегі символдық феномендер» (2018-2020 жж.). Қазіргі уақытта ғылыми қызығушылықтардың бағыттары: қазіргі мәдениеттің өзекті мәселелері, мәдени антропология және маргиналдылық мәселелері, білім философиясы, дінтану, психология және эмоционалды интеллект.

**Шәкірттері.** Жетекшілігімен 1 философия ғылымдарының докторы, 4 PhD докторлары (оның ішінде 1 шетелдік студент) дайындалды; 6 PhD докторанттың жетекшісі, 20 магистр. Отандық және шетелдік басылымдарда 250 ғылыми жарияланым, оның ішінде ғылыми, әдістемелік, публицистикалық мақалалар, оқулықтар мен оқу құралдары бар. Шетелдік БАҚ жарияланымдары (Ресей, Болгария, Түркия, Қытай). Екі авторлық куәлік, Scopus (6 мақала, дәйексөз индексі 12, Хирш индексі 2); Thomson Reuters (11 мақала) сияқты жарияланымдар бар.

**Марапаттары.** ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2014 ж.). ҚР Мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері (2015). Университеттің мерейтойлық медальдары – «ҚазҰУ-ға 75 жыл» және «ҚазҰУ-ға 80 жыл», «Ерен еңбегі үшін» (2019 ж.). ҚР БҒМ министрінің Құрмет грамотасы (2018 ж.). ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың алғыс хаты (2021 ж.). «Қазақстан халқының бірлігі» медалі («Бірлік») (2021 ж.), «ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерейтойлық медалі (2021 ж.).

**Ұрпақтар сабақтастығы.** Оның ғалым ретінде қалыптасуының барлық саналы жылдары қасындағы жұбайы Мұрат Сәдуақасұлы Баялбаев болды. Өкінішке орай, ол 2018 жылы өмірден өтті, бірақ Әлия Рымғазықызы тағдырға өте риза және өзін бақытты әйел деп санайды. Екі баласы бар, қызы Жәмилә және ұлы Фараби. Мұрат Сәдуақасұлы – ҚазҰУ заң факультетінің түлегі, құқық қорғау органдары жүйесінде жұмыс істеген, қатардағы тергеушіден бастаған. Алматы қаласының полиция органдарындағы басышылық етті. Ол Әлия Рымғазықызының даму жолында адал дос, дана тәлімгер және кенесші болды, оны әрдайым қолдады, балалар үшін қамқор және ен жақсы әке болды.

**Келешекке ұмтылыс.** Әлия Рымғазықызы табиғатынан жігерлі, ашық. Басқару стилінде көшбасшылық қасиеттерді, ұтымдылық пен тиімділікті, корпоративтік құндылықтарға бейімділікті көрсетеді. Әдептілік, әділеттілік, моральдық тұрақтылық пен мәдениет, ұқыптылық бойына дарыған. Стандартты емес жағдайларда мен шыдамдылық, стресске төзімділік, бастамашылық пен кәсіпкерлік танытады.

Смысл своей жизни всегда видела в том, чтобы передавать свои знания, умения и опыт молодым, в воспитании достойной личности с амбициозными целями и духовно-нравственной культурой.

Новые вызовы диктуют свои приоритеты. На сегодняшний день проблемой является воспроизводство гуманитарной интеллигенции в новых поколениях. Социально-гуманитарное образование как процесс передачи от старших поколений младшим определенного объема социокультурных знаний и установок, предполагает не только институциональные средства такой передачи, т. е. не только наличие соответствующих норм, ролей и статусов, учреждений, но и наличие некоторой устойчивой общности, которая несла бы в себе импульс такой ретрансляции знаний. Очевидно, что в отношении гуманитарного образования такую миссию несет на себе научная и педагогическая интеллигенция.

И в лице таких личностей, как Алия Масалимова воплощается именно тот ресурс, который мы называем интеллектуальным капиталом страны. Ученые, имеющие достаточный опыт, эмоциональный потенциал и стратегию развития, чтобы гармонично сочетать традиции с современными технологиями.

Все прекрасно осознают, что наступила эпоха перемен. Кризис захлестнул все стороны нашей жизни. Безусловно, человечество выйдет из этого этапа, но если только будет готово измениться. Сейчас только тот, кто готов измениться сам, способен на преодоление всех трудностей и будет победителем.

Алия Масалимова родилась в день победы и как она сама часто повторяет, ей предписано побеждать. Несмотря на различные жизненные коллизии, она полна энергией, оптимизмом и новыми целями и планами на будущее!

## ҒАЛЫМНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Нұрсұлу ӘЛҚОЖАЕВА  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,  
педагогика ғылымдарының кандидаты

Майра КАБАКОВА  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,  
психология ғылымдарының кандидаты  
Алматы қаласы, Қазақстан

*Тарих көрсеткендей, ең танымал жеңімпаздар жетістікке жетудің алдында бастапқыда үлкен қиындықтар көрген. Олар жеңілуді қаламағандықтан жеңіске жетті.*

Берти Чарльз Форбс.

**А**дамдар дүниеге келген күннен бастап, өзінің өмірдегі тәжірибесін жинақтай бастайды. Бастапқыда барлығында бірдей, айталық еңбектеу, жүру, сөйлеу т.б. Қоғамдық ортада, яғни балабақша, мектеп, жоғары мектеп жағдайында олар отбасындағы тәрбиесіне сай өзіндік ерекшелікке, жеке қасиеттерге ие болады. Соның бірі көшбасшылық, ол барлық адамда бола бермейтін қасиет. Біз мақалада Масалимова Әлия Рымғазықызының жарты ғасырлық өміріне талдау жасай отырып, оның бойындағы көптеген игі қасиеттердің ішіндегі көшбасшылық қасиетіне тоқталуды жөн көрдік. Өзінің саналы өмірін ғылым, білімге арнап, басқарушылық қызметті атқарған Әлия Рымғазықызы нағыз көшбасшы.

Мұндағы, көшбасшылық – мақсатқа жету үшін адамдарды ұйымдастыра білуі, оларды сонынан ерту қабілеттілігі. Бұл қасиет өзінің сөзімен айтқанда анасынан, әкесінен берліген және өзіндік өмірлік тәжірибесі. Мектепті алтын медальға аяқтаған және қоғамдық жұмыстар атқарған: сынып басшысы (староста), жасақ кеңесінің төрағасы, жасақ кеңесінің мүшесі, интернационалдық достық клубының мүшесі, т.б. Сонымен қатар, ол музыка мектебінде оқыды, би биледі, хорда ән айтты, спортпен (баскетбол, волейбол, «Зарница» әскери-спорттық ойыны) айналысты. Пәндерден (орыс тілі, әдебиеті, математика) түрлі олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Үздік оқу үлгерімі және белсенді жұмысы үшін оған Артек халықаралық лагеріне жолдама беріліп, ол жерде де өзін шыңдады. Мектептегі кездері көптеген мәдени-танымдық сапарлармен байланысты болды, ол көптеген республикалар мен қалаларды аралады (мәдени-тарихи, мемориалдық кешендер, әскери даңқ орындары). Барлық пәндерге қызығушылығы болғанымен де әдебиет, тарих пәндерін сүйіп оқыды. Мұның барлығы оның болашақ мамандығын таңдауға ықпал етті және де көптеген игі қасиеттерін, сондай-ақ көшбасшылық қасиетін қалыптастырды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия-экономикалық факультетіне түсіп, мұнда да танымал, білікті, білімді ғалымдар мектебінен өтті (К.Х. Рахматуллин, А.Х. Қасымжанов, М.Ш. Хасанов, А.Қ. Қасабек, А.В. Савицкий, А.Б. Наурызбаева, В. И. Иевский, А.А. Швыдко, О.М. Борецкий және т.б.).

Көшбасшы – бастама көтеретін, өзіне жауапкершілік жүктей алатын, өзіндік ойы бар жеке тұлға. Міне, өзіндік көзқарасы, ойы бар Әлия Рымға-

зықызы оқытуш  
тетінде 2002-20  
жөніндегі орын  
2008 жылы қорғ

Көшбасшы  
аз ұйымдасқан  
сатқа ұмтылу не  
ды өзіңізге бағ  
зы барығын ен

Әлия Рым  
нының тәрбие  
жылдың қырк  
тану факульте  
бастап қазіргі  
ректоры қызм

зметі Альма-м

Көшбасш  
түсіндіріледі.  
кездейтін бағ  
былдауды қат  
Әлия Рымғаз  
төрайымы Р  
оңтайлы жү  
отырып, өт  
мократиялы  
либералды  
лігінің көр  
да ол ғалым  
Ғылыми ж  
жоғары әді  
шебер ұйл

Көшба  
ле, мысыл  
рын талда  
нормативт  
бұл тиім  
ге алып  
үшін қаж  
бекітеді т  
рымдама  
басшылы  
пағанды

Пит  
стиліне  
жағдай  
рады, д  
атқарал

зықызы оқытушылық қызметпен қатар философия және саясаттану факультетінде 2002-2004 жылдары, отыз жасында деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды, одан кейін докторантурада оқып 2008 жылы қорғап, 2009 жылы қайта деканның орынбасары қызметіне келді.

Көшбасшылық – көп өлшемді әлеуметтік құбылыс. Кез келген немесе аз ұйымдасқан топтарда көшбасшылық құбылысы, қандай да бір ортақ мақсатқа ұмтылу негізінде құралады [1]. Вовенаргтың айтқанындай «Басқаларды өзіңізге бағындырғыңыз келсе – өзіңізден бастаңыз», Әлия Рымғазықызы барығын ең алдымен өзінен бастаған.

Әлия Рымғазықызы 2009 жылдан 2011 жылға дейін факультет деканының тәрбие және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, 2011 жылдың қыркүйегінен 2021 жылға дейін ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканы қызметін атқарды. Ал, 2021 жылдың сәуірінен бастап қазіргі уақытқа дейін университетте әлеуметтік даму жөніндегі проректоры қызметінде. Өзіміз көріп отырғандай ол кісінің барлық саналы қызметі Альма-матермен байланысты.

Көшбасшылық адамдардың кез-келген жұмысқа табатындығымен түсіндіріледі, адамдармен қарым-қатынас жасай алу, ұжымның мүддесін көздейтін батыл қадамдар жасауды, келелі мәселелер бойынша шешім қабылдауды қажет етеді. Көшбасшы ол мықты менеджер, жетекші, басшы. Біз Әлия Рымғазықызымен біріміз оның орынбасары, біріміз әдістемелік кеңес төрайымы ретінде бірге жұмыс жасадық, ғалымның басшылық қызметті оңтайлы жүзеге асырғанының куәсі болып келеміз. Ол өзі де жұмыс жасай отырып, өзгелерді де жұмысқа ұйымдастыра алады. Менеджер ретінде демократиялық стильге басымдық бергенімен, керек кезінде авторитарлық, либералдық стильдерді де икемді қолданады. Бұл оның басқарудағы шеберлігінің көрінісі. Басқарушы басқаларға үнемі үлгі болуы тиіс, сондықтан да ол ғалым, оқытушы, басқарушы қызметтерде ұжымға үлгі болып жүр. Ғылыми жобаларға қатысып, оқулық, оқу құралдарын, монография жазып, жоғары әдістемелік деңгейде сабақ беріп, оның бәрін басшылық қызметпен шебер үйлестіріп келеді.

Көшбасшылық мәселесі көп жылдар бойы зерттеліп келе жатқан мәселе, мысылы 1976 жылы А.В. Петровский көшбасшының негізгі функцияларын талдайды және ол, егер адам бұл рөлді ұзақ орындайтын болса, рөлдің нормативтік талаптарын интериоризациялау (тағайындау) орын алады, ал бұл тиімді көшбасшылық үшін қажетті жеке тұлғаның белгілерін бекітуге алып келеді. Мысалы, өзіне деген сенімділік, адамдарға басшылық ету үшін қажетті табандылық көшбасшыда осы қасиеттерді қалыптастырады, бекітеді және бұрын оның әлеуметтік рөлі болған нәрсе оның «Мен – тұжырымдамасының» бір бөлігіне айналады, деген [2]. Яғни, қазіргі кезде көшбасшылық Әлия Рымғазықызының өміріне айналып отыр, десек артық айтпағандық болар.

Питер Друкер көшбасшы тұлғасы және оның сипаты басшылықтың стиліне қалай әсер ететінін сонымен қатар басқару үлгілерін және қандай жағдайларда олар неғұрлым тиімді болатынын өз тәжірибесінде қарастырады, деген ойын айтқан [3]. Адамдар алғашында белгілі бір іс-әрекеттерді атқарады, одан кейін нақты бір миссияны жүзеге асырады.

Көшбасшылыққа көптеген анықтамалар берілген, мысалы Макс Ландсберг: «Көшбасшылық – шығармашылық қызмет. Кез келген көшбасшы оның ұйымындағы басқа адамдардың бастамасы мен шығармашылығын қолдау саласындағы сарапшы болып табылады», деген анықтама береді [4]. Демек, көшбасшылық шығармашылық қасиетпен байланысты, бұл тұрғысынан алсақ та, Әлия Рымғазықызы креативті, шығармашыл тұлға.

Джон Максвелл өзінің «Өзінде көшбасшылықты тәрбиеле» тақырыбындағы еңбегінде, көшбасшының 21 міндетті қасиетін атап көрсетіп, бұл қасиеттер нағыз көшбасшы болуға лайық адамдарда болуы тиіс деп санаған [5]. Солардың ішінде, алдымен, ақылдылық дейді және ақылды адамдар естігендерінің жартысына сенеді, ал қырағы адамдар қай жартысына сену керек екенін біледі, бұл қасиеттер нағыз көшбасшыларға тән қасиет, дейді. Сондай-ақ әрбір көшбасшы өзіне не керек екенін нақты біледі. Келесі, адамдарға үміт отын сыйлау. Француз генералы Наполеон Бонапарт көшбасшыларды «үмітпен жүретіндер», деп сипаттаған. Тағы бір қасиет, кез келген істі аяғына дейін жеткізу, бастаған ісін соңына дейін апармайтын адам, құзыретті бола алмайды. Келесі, күтілетін нәрсені жүзеге асырыңыз, құзыретті адамдар күтілуге тиіс нәтижеден асып түсетін әрекеттер жасайды, яғни көшбасшылар өзінің жұмысын аяқтап, басқа қосымша жұмысты атқаруға дайын тұрады. Одан кейін, басқаларды жігерлендіре білу қасиеті. Олар өздерінің, соңынан ергендерді жігерлендіріп, ынталандырып отырады. Көшбасшы тек шешімдерді айтумен ғана айналыспайды, ол мәселені ақылға салып әділетті шешім шығарумен айналысады [5]. Олай болса, бұл аталған қасиеттер Әлия Рымғазықызына тиесілі, демек ол нағыз көшбасшы.

Ральф Стогдилл көшбасшының бойындағы қасиеттерді 5 топқа біріктірген:

- Ақылдылық, интеллектуалдық қасиет;
- Өзгелерді өзіне қарата білу;
- Өзіне деген сенімділік;
- Белсенділік пен жігерлілік;
- Өзінің жұмысын жақсы білуі.

Бұл тұрғыдан алсақ та, ол интеллектуал, өзін тыңдата алады, өзіне сенімді, батыл қадамдар жасай алады, белсенді, жұмысын жақсы біледі. Ғалымдар зерттеулеріне сүйенер болсақ та, Әлия Рымғазықызының көшбасшылық қасиетінің басымдық танытатынын байқауға болады.

Адамдар көшбасшы болуы үшін, ең алдымен өз өмірін басқара білуі, өзін қайрай білуі, өзінің алдына мақсат қойып, оны жүзеге асыру үшін әрекет ету қажет, міне бұл көшбасшылыққа апаратын алғашқы қадам. Одан кейін болашақты болжай алуы, көре білуі бұл қасиетті де ғалым-басшының бойынан көре аламыз. Өйткені оның білімі мен тәжірибесі жеткілікті, ол өзін үнемі дамытып отырады. Көшбасшының өмірі үлкен эмоционалды және физикалық шығынды талап етеді, оған шыдамдылық көрсету үшін мол энергия қажет. Сондай-ақ позитивті көзқарастың болуы да шарт, қиындықтар адамның бәрінде бар және үнемі болады да оған позитивпен қарап, шешу жолдарын қарастыру қажет, барлық мәселенің шешімі бар. Позитивті көзқарас көшбасшыға кінәлілерді емес, шешім іздеуге көмектеседі. Өзге адамдарды тыңдай білу, бұл да көшбасшылық қасиеттің құрамдас бөлігі.

Әлия Рымғазықызы жоғарыда аталған қадамның бәрінен өтті, бойында көшбасшының болуға тиісті қасиеттер қалыптастырылған, қазіргі кезде шындалған, білікті, білімді басшы бола алды, деп толық айта аламыз.

Басқаруды дұрыс жүзеге асыру үшін басқарушы өзін-өзі басқара алуы қажет. Бұл туралы Қытай данышпаны Лао Цзы «Басқаны басқара білген адам мықты, ал өзін-өзі басқарған мықтырақ» деген екен, біз өзін де, басқаны да басқарып жүрген Масалимова Әлия Рымғазықызы мықты және бұл оның көшбасшылық келбеті деген тұжырым жасадық.

#### Әдебиет

1. Құнанбаева Д.Ә. Ұйымдастырушылық мінез - құлық: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 256 б.
2. Петровский А.В. Общая психология: Учебник для студентов. - М., 1976. - 479 с.
3. Питер Друкер. Эффективный руководитель /Пер. с англ. О.Чернявской. - 8-е изд. - М: Манн, Иванов и Фербер; Эксмо, 2019.
4. Ландсберг М. Лидерство. Видение, вдохновение и энергия /Пер. с англ. - М.: Изд-во Эксмо, 2004. - 224 с.
5. Максвелл Д. Воспитавай в себе лидера /Пер. с англ. Г.И. Левитан; Худ. обл. М.В. Драко. - Мн.: ООО «Попурри», 2002. - 224 с.



www.kazmektap.kz

## МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Мақала мазмұны журналдың тақырыптық бағыттарына және ғылыми деңгейіне сәйкес келуі және белгілі бір жаңашылдығы болуы және ғылыми қызметкерлер, оқытушылар, педагогтер үшін қызығушылық тудыруы тиіс. Мақалалар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарияланады.

2. Мақала көлемі 3 беттен кем емес және 7 беттен аспауы керек, шрифт – Times New Roman – 14, интервал – 1,5.

3. Мақала басында әлеуметтік ондық жүйе (ӘОЖ-УДК) индексін көрсету қажет. Мақаланың тақырыбы, автордың аты-жөні, автордың жұмыс орны, атқаратын қызметі көрсетіледі. Соңында автордың мекенжайы мен ұялы телефоны жазылады. Мұғалімдердің журналға жазылған түбіртек көшірмелері электронды пошта немесе «Қазпошта» арқылы жолданады. Ғылыми-зерттеу мақалалары ізденушімен бірге ғылыми жетекші авторлығымен немесе пікірімен, электронды нұсқасы және төлемсіз түбіртегі көшірмесімен жіберіледі.

4. Аннотация жұмыстың мақсатын, оны жүргізудің әдісі мен әдістемесін, жұмыстың қысқаша нәтижелерін, оларды пайдалану аумағын, қорытындыларды көрсетуі тиіс. Мақалаға берілетін аннотациялар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде болуы керек.

5. Мақалаларға қазақ, орыс, ағылшын тілінде түйін-резюме-summary берілуі керек. Түйін сөздер көрсетіліп, олар кіші әріппен үтір арқылы жазылады және 5 сөзден аспауы қажет.

6. Әдебиеттер тізімі мынадай ретпен беріледі: авторы, аталуы, басылып шыққан мекені, баспасы, жарық көрген жылы. Шетел тіліндегі әдебиеттер отандық басылымдардан кейін жазылады. Мәтіндегі сілтемелер – шаршы жақшаларда орындалады. Әдебиет көздері мәтінде дәйектеу ретімен көрсетіледі. Әдебиеттер тізіміндегі барлық әдебиет көздеріне мәтінде сілтемелер жасалуы шарт.

7. Жеке файлда мақалаға фотосуреттер мен автор туралы мәліметтер қосымша ретінде беріледі: мақала атауы, аты-жөні, жұмыс орнының – ұйымның толық атауы және мекенжайы, лауазымы, байланыс телефоны, электронды пошта. Авторлық фотосуреттер түрлі-түсті, жоғары сапалы (айқын, анық) болуы тиіс. Мақалада отандық авторлардың еңбектерінде міндетті түрде сілтеме берілуі керек.

**Редакция әдеби өңдеу барысында келіп түскен мақалалардың көлемін қысқартуға құқылы. Сондай-ақ, мақаланың жазылу сапасы төмен болса және сабақ жоспары түрінде жазылса мақаланы жариялауға ұсынбауға құқылы.**

Мақалалар электронды және баспа нұсқаларда – e-mail: [kaz\\_mektep@mail.ru](mailto:kaz_mektep@mail.ru)

Редакция

### РЕДАКЦИЯ:

Техникалық редактор – Құлдыбаева Мәдина  
Оператор беттеуші – Сатаева Сауле

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2003 жылы ақпанның 13-де тіркеліп, №3562 – ж куәлігі берілген.

Ұялы тел.:  
8 701 503 97 80 WhatsApp

Индекс 75737.  
Пішімі 70x100 1/16.  
Тапсырыс 76.  
Таралымы 485.  
Бағасы келісімді.

Басуға 16.03.2022 жылы қол қойылды.

Қағазы офсеттік.  
Шартты баспа табақ 4.  
Авторлық баспа табақ 5.  
Есептік баспа табақ 7,16.

Шартты бояулы бет таңбасы 6,87.  
Журнал материалдары редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Өріп түрі Times New Roman.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Тапсырыс дайын диапозитивтерден басылды.

Журнал ЖШС РПБК «Дәуір» баспаханасында басылды.

Қолжазба қайтарылмайды, мақалаларға пікір жазылмайды.

© «Қазақстан мектебі»

№4, 2022 ж.